

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«БӨБЕК» ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ,
БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ**

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ

**Жалпы білім беретін мектептің
2-сыныбына арналған оқулық**



2

***Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі ұсынған***

**Алматы
2017**

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 88.52я71
Ө 29

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының
авторы **С.А. Назарбаева**

Ө29 **Өзін-өзі тану:** Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық /Р.Ә.Мұқажанова, Г.А.Омарова, Ж.Ж.Әкімбаева, Р.О.Ізғұттынова, Г.У.Кошкеева, Н.М.Оналбаева, Б.С.Ахатаева. – Алматы, 2017. – 144 б.

ISBN 978-601-7819-32-3

2-сыныпқа арналған оқулық «Өзін-өзі тану» пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламасы негізінде әзірленген.

Оқулықта жалпыадамзаттық құндылықтар мен қасиеттердің мәнін ашып, жарыққа шығаратын оқу материалдары ұсынылған.

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 88.52я71

© «Бөбек» ҰҒПББСО, 2017
Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүлкітік құқықтары
«Бөбек» ҰҒПББСО-на тиесілі

ISBN 978-601-7819-32-3

ЖАС ДОСТАР!

«Өзін-өзі тану» пәнін оқу арқылы өз бойларыңдағы құндылықтар мен қасиеттерді дамытып, жақсы адам болып өлесіңдер!

Өзін-өзі тану сабақтарында мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар мен қасиеттердің мәнін ашып, оларды күнделікті өмірде қолдануға үйренесіңдер.

Ар-ұжданды сақтап, адалдық, сүйіспеншілікпен үйлесімді өмір сүрудің қажеттілігін ұғасыңдар.

Отбасындағы, айналадағы адамдармен сыйластықта, түсіністікте болуды, қамқорлық, бауырмалдық, жанашырлық танытуды үйренесіңдер.

Жақсылық жасау, әдептілік таныту, жағымды ойлаудың маңызын білесіңдер.

Туған жерді қадірлеуді, Отанды құрметтеуді, табиғатты аялауды, денсаулықты сақтауды үйренесіңдер.

Қадамдарың құтты болсын!

Шартты белгілер



– Дәйексөз



– Бірге оқимыз



– Әңгімелесейік



– Шығармашылық жұмыс



– Жаңаны білеміз



– Жүректен жүрекке

I тарау

ҒАСЫРЛАР ДАНАЛЫҒЫ



1-2 сабақтар

ҰЛЫ АБАЙДЫҢ ДАНАЛЫҒЫ



... Адамның жақсысы – адамға сүйіспеншілікпен қарағандар.

Абай Құнанбаев

- *Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?*



Жанқұтты шешеннің батасы

*Ел аузынан
(Үзінді)*

... Бірде Жанқұтты шешен Құнанбайдың үйінде отырғанда Абай келіп сәлем береді. Ол кез – Абайдың жас шағы екен. Оның тапқырлығын, өлең шығаратынын естіп жүрген шешен баланы қасына отырғызады.

Біраздан кейін Абай:

- Ата, сізден бір сұрақ сұрауға бола ма? – дейді.
- Е, шырағым, сұрай ғой, – депті Жанқұтты шешен.
- Ата, арзан не, қымбат не, дауасыз не? Соны білейін деп едім, – депті Абай.
- Шырағым, Абайжан! Арзан – өтірік, қымбат – шындық, ал дауасыз деген ол кәрілік емес пе? Жанарыңның оты бар екен – ақындығың шығар, маңдайың жазық екен – ойлылығың шығар, халқыңның қалаулы азаматы бол, – деп Жанқұтты батасын беріпті.



- *Абай Жанқұтты шешеннен нені білгісі келді?*
- *Сендер шешенге қандай сауал қояр едіңдер?*
- *Өздеріңе үлкендердің бата берген кезі болды ма? Естеріңе түсіріп әңгімелеп беріңдер.*



1-тапсырма. Өнер туындысына қараңдар. Оның бет бейнесінен, көзқарасынан нені аңғаруға болады?



Ә. Қастеев. «Жас Абай». 1945 жыл.

2-тапсырма. Төменде берілген Абайдың нақыл сөзін оқыңдар. Күнделікті өмірде осы өсиеттерді ұстанасыңдар ма? Әңгімелеп беріңдер.

... Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айына бір, өзіңнен өзің есеп ал! (Он бесінші сөз).

3-тапсырма. Абайдың «Адамның жақсысы – адамға сүйіспеншілікпен қарағандар» деген ойын тақырып етіп алып, төмендегі кейіпкерлерді қатыстыра отырып, шағын қойылым дайындап, сахналаңдар.

- отбасында үлгілі бала;
- жақсы, мейірімді оқушы;
- нағыз дос;
- елгезек бала.

Нұрсұлтан Назарбаев



... Абай – халқына қамқор, ұлтына жанашыр болам деп жүріп, күллі адамзатқа мейірбан гуманистік өреге көтерілді.

Кісі мен кісінің де, халық пен халықтың да арасында бола беретін кикілжіңдердің бәрінен жоғары тұра білді. Аз халықты да, көп халықты да бауырластыратын рухани ықпалдастық деп түсінді. Адамға адам баласының бәрін дос санады. Оны батысқа, шығысқа, алысқа, жақынға бөлмей, біртұтас қарады. Абай армандары – тек бір ғана ұлт ұстанатын мұраттар емес, күллі адамзат ұстанатын мұраттар.



Адамзаттың Абайы

Мұзафар Әлімбаев

Бар қазақтың данасы
Менің ұлы Абайым.
Адамзаттың баласы
Бәрі саған ағайын.

Асқақтайды жаңғырып,
Алаштың бақ-талайы.

Абай енді мәңгілік
Адамзаттың Абайы.

Парасатпен жарасып,
Жан-ділімен ұғысқан
Адамзаттың баласы
Бәрі саған туысқан.

Уақытпенен жарысып,
Жарқыратып арайын,
Жаңа ұрпақпен қауышып,
Мәңгі жасар Абайым.



- Ақын өлеңде Абайды неліктен «Бар қазақтың данасы», «Адамзаттың баласы» дейді?
- Абайды «Адамзаттың баласы» етіп тұрған қандай қасиеттері деп ойлайсыңдар?
- Өздерің Абай туралы қандай мәліметтер білесіңдер?



4-тапсырма. Абайдың бір өлеңін оқып, ондағы адамгершілікті, ізгілікті ойларды тауып, айтып беріңдер.

5-тапсырма. Абайдың «...Сен де – бір кірпіш, дүниеге, Кетігін тап та, бар, қалан!» – деген өлең жолдарын басшылыққа алып, өздеріңнің өмірге қалайтын кірпіштерің қандай құндылықтар мен қасиеттерден тұратынын дәптерге жазыңдар.




Кел, балалар, оқылық!

Өлеңін жазған: Ыбырай Алтынсарин

Әнін жазған: Латиф Хамиди

Сиса көйлек үстінде
Тоқуменен табылған...
Сауысқанның тамағы
Шоқуменен табылған...
Өнер-білім бәрі де,
Оқуменен табылған.
Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық.



3-4 сабақтар

Х.К.АНДЕРСЕННІҢ ДАНА ЕРТЕГІЛЕРІ



Ертегілер – жақсылықтың ұясы.

Нақыл сөз

- *Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?*



Түймеқыз (Үзінді)

Ханс Кристиан Андерсен

Көртышқан өз үйінен көрші тышқанның есігіне дейін жер асты көшесін қазды. Көршісі мен әсем қыз алаңқайда қанша серуендеймін десе де рұқсат берді. Көртышқанның бар айтқаны – онда жатқан құстан қорықпаңдар деген сөз болды. Бұл қауырсыны да, тұмсығы да бар нағыз құстың өзі еді. Бейшара құс, сірә, үсіп қатып қалса керек. Қыз құсты қатты аяп кетті. Түймеқыз түні бойы көз ілмеді. Ол құрғақ қылтанақтан әдемі кілем тоқыды. Құсты орап тастады. Құстың мамығын тауып алды да, қарлығашты қымтап қойды.

– Қош бол! сүйікті құсым, – деді Түймеқыз. – Қош! Жаз айында әсем ән салып бергенің үшін рақмет саған!

Басын иіп құстың кеудесіне басты да шоршып түсті. Оның ішінде бірдеңе дүрсілдеп тұрды. Бұл құстың жүрегі еді. Ол тірі еді. Суықтан жаны кетіп жатқан. Енді бойы жылынған соң жаны кірді.

Келер түні Түймеқыз ұрлана басып, тағы да қарлығашқа жетті. Ол кәдімгідей тіріліп қалыпты, бірақ түк әл-дәрмені жоқ екен.

– Мың мәрте рақмет саған, сүйкімді кішкентай қыз! – деді әлжуаз қарлығаш. – Мен сондай жақсы жылындым. Енді көп ұзамай оңалармын. Сосын тағы да күн көзіне ұшып шығамын.

– Ах! – деді қыз, – қар жауып тұр, күн өте суық! Одан да жылы орныңнан қозғалма, керегіңді мен әкеп тұрайын.

Түймеқыз оған гүл жапырақшасына құйып су да әкеліп берді. Қарлығаш қанатын бұтаға қалай жарақаттап алғанын айтты. Қарлығаш осы жерде қыстап шықты. Ал Түймеқыз оны күтумен болды. Мұны көртышқан да, сұр тышқан да сезбеді. Олардың құсты жек көретінін білесіңдер ғой.

Көктем келіп күн жылынған соң, қарлығаш та қызбен қоштасты. Түймеқыз ол ұшып шығу үшін көртышқан тескен саңылауды ашып берді.

– Қош! Қош бол! сүйкімді құрттай қыз, – деді де қарлығаш самғап ұша жөнелді.



- Түймеқыздың қарлығашқа қамқорлық жасауының себебі неде?
- Түймеқыз жақсылығының өтеуін күтті ме?
- Өзіңе басқалардың жасаған жақсылығын естеріңе түсіріп, айтып беріңдер.



1-тапсырма. Өздерің үлкендерден қандай ертегілер естідіңдер? Естеріңе түсіріп айтып беріңдер.

2-тапсырма. Андерсен ертегісіндегі ертекші Оле-Лукойемен танысыңдар. Дәптерге оның шапаны мен қолшатырының суреттерін салып, бояңдар.

Оле-Лукойе

Ханс Кристиан Андерсен

Оле-Лукойеге тең келетін ертекші бұл дүниеде жоқ. Ертекші деп соны айт шіркін!

Балалар қалай тынышталды, солай ол ертегі айтуға кіріседі.

Оле-Лукойе кереуеттің шетіне отырады. Өзі сәнді киінген – үстінде жібектен тігілген жұп-жұқа шапаны бар. Ал шапанының түсі пәлен деп айту қиын. Оленің қалай бұрылып қимылдағанына қарай ол біресе көгілдір, біресе қара көк, біресе қызыл түспен сан құлпырады. Оленің қолтығына қысып алған екі қолшатыры және бар. Сурет салынып әшекейленген қолшатырды ол жақсы балалардың үстіне ғана жаяды. Сонда олардың түсіне түні бойы қызықты-қызықты ертегілер кіреді.



Ұсқынсыз үйрек (Үзінді)

Ханс Кристиан Андерсен

Ақыры ең үлкен жұмыртқа да жарылды. Шиқ-шиқ етіп ішінен ұсқынсыз бір балапан абажадай болып шыға келді. Үйрек оны басынан аяғына дейін қарап шықты.

– Алпамсадай бірдеңе ғой мынауың! – басқаларына ең болмаса бір дене мүшесі ұқсасайшы! Күркетауықтың балапаны дейді? Мейлі, кімнің балапаны болса да, мен оны жүзуге үйретіп шығарам. Қасарысатын болса, суға итеріп жіберем.

Ертеңіне күн шайдай ашық болды, жап-жасыл түйе жапырақ күн нұрына рақаттана шомылып тұр. Үйрек бүкіл отбасымен балпаңдай басып сайға тартты. Ол суға барып шолп ете түсті.

– Еріңдер соңымнан! Түсіңдер тезірек! – деп, енесі ақырып қап еді, балапандары бірінен соң бірі шолп-шолп етіп суға қойды да кетті.

Олар бір сәт су түбіне жоқ болып, сонан соң сопаң етіп шыға келді де, қуана құлшынып жүзе жөнелді. Ұсқынсыз балапан да олардан қалысқан жоқ.

– Күркетауықтың балапаны осындай болушы ма еді? – деді енесі.

– Жарғақ табанымен қалай жақсы еседі-ай өзі, денесін қалай тіп-тік ұстайды! Жоқ, бұл өзімнің туған балам! Тіпті онша көріксіз де емес-ау, тек бағымы күштірек болса болды. Ал шапшаңырақ, шапшаңырақ еріңдер соңымнан! Қазір құс қораға барамыз, сендерді қоғамға енгізем. Тек менен ұзап кетуші болмаңдар. Біреу-міреу басып кетіп жүрер және бір айтарым мысықтан сақтаныңдар!

Осынау қаһарлы қыста балапан үйректің басынан кешкен азап пен қорлықты айта берсек, жаныңыз елжіреп көзіңізге жас алар едіңіз. Күн көзі жер жүзін мол шуақ, нұрлы



шапағымен қайтадан қыздыра бастаған кезде, ол тоғанды қамыс арасына барып паналады. Міне, бозторғайлар ән салып, көктем де келді.

Балапан үйрек қанатын қағып-қағып жіберіп, ұша жөнелді. Қазір оның қанаты бұрынғыдай емес, әлдеқайда құдіретті, сермеп қалса су-су етеді. Көзді ашып-жұмғанша үлкен бақтың ішінен бір-ақ шықты.

Кенет қалың қоғаның арасынан күмістей аппақ, ғажайып сұлу үш аққу жүзіп шыға келді. Судың бетін сызып, қандай әсем, қалай жеңіл жүзеді? Үйректің балапаны осынау сұлу құстарды бірден танып, көңілі бір түрлі құлазып, мұң басып кетті.

Осынау құс патшаларына ұшып барайыншы! Үйректер мен тауықтардың тістегені мен талағанына, құс бағушы қыздың тепкісіне, әрі қыстыгүні аяз бен ызғырыққа көніп жүре бергенімше, солардан-ақ көрейін көресімді! Сөйтті де ол ұшып барып, суға қонып, айдай сұлу аққуларға қарай жүзе жөнелді, олар мұны көре салып, қарсы жүзді.

Апыр-ау, айнадай мөп-мөлдір су бетінен көргені кімнің суреті? Өзінің сәулесі екен ғой! Енді ол ұсқынсыз күлгін түсті жаман құс емес, нағыз аққудың өзі болып шықты!

Аққудың жұмыртқасынан жаралсақ, үйректің ұясында туудың айыбы жоқ!

Енді ол өз басынан соншама қорлық-зорлықты өткергеніне өкінудің орнына, қуанатын болды: ол өз бақытын, өз сұлулығын, өзін қоршаған төңіректі дұрыс бағалай алады, қадірін біледі. Ересек аққулар оны бауыр тартып, тұмсықтарымен қанатынан сипап еркелетіп келеді.



- Балапан неліктен ұсқынсыз үйрек атанды?
- Балапан қиыншылықтарды қалайша жеңді?
- Балапанның аққулар арасында өзін бақытты сезінуінің себебі неде?
- Адамның шынайы табиғаты неде?
- Адам шынайы табиғатынан алшақтап кеткенде қандай күйге түседі?



3-тапсырма. Суреттерге қараңдар. Өздеріңе ұнайтын ертегі кейіпкерінің жақсы қасиеттері туралы әңгімелеп беріңдер.



Ханс Кристиан Андерсен 1805 жылы 2 сәуірде дүниеге келген. Оның туған жері – Данияның Фиония аралындағы Оденсе шағын қалашығы.

Әкесі қолы босаған кезде ұлына ертегі, әңгіме кітаптарды оқып беретін.

Ханс Андерсеннің өмірінде қиыншылық көп болды. Бірақ ол қайғыға берілген жоқ.

Қайта өз өмірінен ертегі жаза бастады. Оның ертегілері қызықты оқиғаларға толы болып келеді. Андерсеннің ертегілерін үлкендер де, балалар да қызыға оқиды, жақсы көреді.

Ерден атайдың әні



Өлеңін жазған: Әбдірахман Асылбеков

Әнін жазған: Ескендір Хасанғалиев

Кел, балалар, тұрмаңдар,
Бізде қызық думан бар.
Атамыздың алуан
Ертегісін тыңдаңдар.

Қайырмасы:

Ерте, ерте, ерте, екен,
Ешкі жүні бөрте екен.
Ертегі сөз қашанда
Тамашаның көркі екен.

Түрлі-түрлі ертегі,
Тұла бойды ертеді.
Ерте өткен ерлердің
Ерлік ісін шертеді.

Қайырмасы:

Қиялдаймыз, самғаймыз,
Кең әлемді шарлаймыз.
Ертегісін атайдың
Тыңдаудан біз талмаймыз.

Қайырмасы.

5-6 сабақтар

БІЛІМ – ӨМІР ШЫРАҒЫ



Білім – өмір шырағы.

Халық даналығы

- *Дәйексөздің мағынасын түсініп оқып, жаттап алыңдар.*



Қазына Ел аузынан

- Қазына кімде? – деп сұрапты Абылай Бұқардан.
- Бізден сөз кетті ғой, өзің айта берсеңші, – дейді Бұқар жырау.
- Мен айтсам, қазына байда, басқа кімде болушы еді? – депті Абылай.

Сонда: «Үш рет жұт болса, байда қазына калмайды. Үш рет жау шапса, ханда қазына қалмайды. Қазына білімдінің басында», – дейді Бұқар жырау.



- *Бұқар жырау неліктен «Қазына білімдінің басында» деп айтты?*
- *Білімді адамда қандай қасиеттер болғанда қазынаға айналады?*
- *Өмірде біліміңді пайдаланып дұрыс жол тапқан кездеріңді айтып беріңдер?*



1-тапсырма. Суретке назар аударыңдар. Рухани бай, білімді болу үшін өздеріңе қажетті қасиеттерді оқып, естеріңе сақтап алыңдар.



2-тапсырма. Берілген кітаптардың қайсысын таңдар едіңдер? Неліктен?



Білімді болу үшін адам көп оқып, көп ізденеді. Алған білімімен басқалармен бөлісу керек.

Білімді адам қоршаған ортаға зиян келтірмейді. Олар өзінен бұрын, өзгелерді

ойлап, қамқорлық жасайды. Алған білімді өмірде ізгі іске қолданып, риясыз жақсылық жасаған адам – бақытты адам болады.



Бізге сабақ болған бата...

Жазира Жайлаубекқызы

1 қыркүйек. Барлық бала мектепке қарай асығып келе жатыр.

Алғашқы қоңырау салтанаты да басталып кетті. Жаңа оқу жылымен құттықтау үшін сөз қарт ұстазға берілді. Ол жиналған бар балаға мейірлене қарап: «Айналайындар, білім алу – парыздарың, есесін өздеріңе емес, елге қайтарындар, не оқысаңдар да ықыласпен, бар пейілдеріңмен, мейірлене оқындар. Абай атамыз айтқандай, білімді ойларыңа ғана емес, көкіректеріңе тоқындар, көкірек көздерің ашылсын, пайда ойламаңдар, ар-ұят ойлаңдар», – деп батасын берді.

Жансерікке қарт ұстаздың батасы, мейірімге толы дауысы ұнағанымен, көп сөзі түсініксіздеу болды. Әдетте, оның ата-анасы мұндай сөздерді жиі айта бермейтін. Есесіне, олардан оқы, ертең қызығын өзің көресің, барлығын ұғып ал, жаттап ал деген сөздерді көбірек еститін.

Салтанатты ашылудан соң, балалар өз сыныптарына кірді. Мұғалімдері қарт ұстаздың сөзін мысалға келтіріп, жаңа оқу жылына табыс тілегені сол еді, сыныпта қызу талқылау басталып кетті.

– Мұғалім, атай неге бізге «Білімнің есесін өздеріңе емес, елге қайтарындар» деп айтты? – деді таңданып Жансерік.

– Иә, балалар, өмірде тек қана өзіңді ойласаң, өзің үшін ғана өмір сүрсең, сенің жолың да, өмірің де қысқа, мәнсіз болады. Ал бізді өсіріп, оқытып, мәпелеп отырған жақындарымыз, Отанымыз емес пе? Соларды ұмытып кетсек кім болғанымыз?...



– Апай, оқуға ықылас, пейіл, мейірдің қажеті не? – деп сұрады Еркін.

Сол-ақ екен, анадайда отырған Сәуле: «Менің әжем жақсы ниет, пейілсіз, сүйіспеншіліксіз ешнәрсені жасауға болмайды деп айтады, мүмкін осы болар», – деді күлімсіреп.

– Әжең дұрыс айтады. Барлық істі сүйіспеншілікпен ғана жасау керек, сонда ол жақсы нәтижесін береді, – деді ұстаз сөзін әрі қарай жалғастырып.

– Ал, атайдың «Білімді ойларыңа ғана емес, көкіректеріңе тоқыңдар» дегені: ақылмен ойлағанды жүрекке жүгіндірсек, ақ пен қараны, жақсы мен жаманды, пайдалы мен зиянды ажырата аламыз. Сол кезде тек өздеріңді ғана емес, өзгелерді де ойлай бастайсыңдар. «Көкірек көзі» деп отырғаны осы ғой.

– «Пайда ойламаңдар, ар-ұят ойлаңдар» дегені: өмірде барлығы да өтпелі, ақша да, байлық та, тіпті біз де бір-бірімізге қонақпыз, сондықтан, кім болсақ та, мүмкін қаржыгер, әнші, дәрігер болармыз, бірақ біздің жақсы адам, жақсы дәрігер,

жақсы қаржыгер болғанымыз маңызды», – деді мұғалім байыппен.

Біз осы қысқа ғана әңгімеден соң білім алудың шынайы мәнін түсініп, өзімізді бір жасқа есейіп, азамат болып кеткендей сезіндік.



- Оқушылар неліктен атайдың батасын түсінбеді?
- Атайдың батасынан қандай құндылықтар мен қасиеттерді байқадыңдар?
- Мұғалімнің «Кім болсақ та, біздің жақсы адам, жақсы дәрігер, жақсы қаржыгер болғанымыз маңызды» дегенін қалай түсінесіңдер?
- Өздерің үлкендерден қандай бата алдыңдар? Әңгімелеп беріңдер.



3-тапсырма. Жағдаятты оқып, сұрақтарға жауап беріңдер.

Атасы немересіне:

– Тек қана кітаптан ғана білім алмайсың, білімді барлығынан да ұшқан құстан, жорғалаған жәндіктен де алуға болады.

«Білген адамға табиғат та, дос та, ұстаз да, іні-қарындас та кітап», – деді.

Алайда немересі атасының сөзіне түсінбей ойланып қалды...

- Сендер қалай түсіндірер едіңдер?
- Өздерің білімді қайдан аласыңдар?

4-тапсырма. Төменде берілген пікірлерді басшылыққа ала отырып, «Мені жақсылыққа бастар жол» тақырыбында күнделік жазыңдар.

- Жақсы болыңдар.
- Жақсылықты ойлаңдар.
- Жақсылықты айтыңдар.
- Жақсылықты тыңдаңдар.
- Жақсылықты көріңдер.

- Жақсы әрекет жасаңдар.
- Жақсылыққа жеткізер жол – осы.



Мұғалім – мектептің жүрегі. Ол тек қана білім беріп қоймай, әр баланың жүрегіне ізгілік сәулесін төгеді. Мұғалім еңбегі – ұлы еңбек.

Әр адамның өмірінде ұстаздары болады. Ұстаздар бізге өмірде жақсы мен жаманды, ақ пен қараны ажырата білуге үйретеді.



Мұғалім – ол біздің

Өлеңін жазған: Мұзафар Әлімбаев

Әнін жазған: Ибрагим Нүсіпбаев

Білімнің кілтіндей
 Әліппе ұстатқан.
 Оқуға іркілмей,
 Тоқуға ұстартқан.

Қайырмасы:

Қамқоры ұл-қыздың,
 Мұғалім – ол біздің!
 Қамқоры ұл-қыздың,
 Мұғалім – ол біздің!
 Қиынға төзуге,
 Үйреткен қашан да.
 Жаманнан безуге,
 Жақсылық жасауға.



7-8 сабақтар

МЕКТЕП – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ



**Мектеп – кеме, білім – теңіз,
Барар жерге тез жетеміз.**

Қасым Аманжолов

- *Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.*



Менің мектебім

Жазира Жайлаубекқызы

Әлім 1 қыркүйек мерекесінен үйге қуанып кірді.

Ол мектептің күрделі жөндеуден өткенін, тап-таза, ауласын, сыныптағы жаңа жиһаздар мен соңғы үлгідегі компьютерлерді мақтанышпен сөз етті.

Оны мейіріммен үнсіз тыңдап отырған атасы:

– Ол мектеп – менің де мектебім, – деді даусынан нәзік сағыныш лебі есіп.

– Менің мектебім де асқар таудай асқақ, жап-жарық, мұнтаздай тап-таза болатын. Күн сайын барлығымыз мектепке жеткенше асығатынбыз. Мектебімізде сендердікіндей жарқыраған шам, жалтыраған еден болмаса да біздің сүйіспеншілігіміз бен құрметіміз мектепті асқақтатып, одан сайын биіктетіп жіберетін.

Менің мектебімнен нұрлы, жарық жер жоқ дейтінім онда ізгілік нұрын себуші Ұстазым бар еді.

Ол жерден жылы, таза жер жоқ дейтін себебім, мектепте бір-бірімізді құрмет тұтып, сыйласатын дос-жарандарым бар еді.

– Балам қай кезде, қай жерде болмасын мектеп ең қасиетті, ең құрметті орын. Өйткені, ол сені қараңғыдан жарыққа, жалғандықтан ақиқатқа жетелейтін, санаңа ізгілік нұрын себетін жер, – деді атам мейірлене.



- Атайдың өз мектебін мақтаныш етуінің себебі неде?
- Атасы мектебінде нені (кімді) асқақ, жарық, таза деді? Неліктен?
- Сен өз мектебіңде нені (кімді) асқақ, ең жарық, ең таза дер едің? Неге?



1-тапсырма. Бұлттағы мінез сипаттары екі оқушының қайсысына тән деп ойлайсыңдар? Неліктен?

*Байыптылық, мейірімділік,
ақылдылық, ұстамдылық,
сабырсыздық, әділеттілік,
мақтаншақтық, қамқор,
кішіпейіл, сыпайы, парасатты,
қыңыр, табанды.*

Тәртіпті, әдепті оқушы. Дәрекі, әдепсіз оқушы.

2-тапсырма. «Менің мектебім» тақырыбында шағын әңгіме жазыңдар.



Біріміз бәріміз үшін, бәріміз біріміз үшін!

Михаил Водопьянов

Атақты математик Лев Семенович Понтрягин бастауыш мектепте оқып жүрген кезінде көзінен айырылады. Көздеріне жасалған отасы сәтсіз аяқталды да, бала өмір бақи су қараңғы болып қалды.

Аяқ астынан басына түскен бұл ауыртпалық оның жанына қатты батады.

Бірде үйіне Леваның жолдастары келеді.

– Лева мектепке неге бармайды? – деп сұрады анасынан.

– Ойбай-ау, ол қалай жүреді? – деп таңданды анасы.

– Алғашқы кезде оны біз өзіміз ертіп жүреміз. Өзі әбден үйреніп алғанша!

– Жақсы, бірақ сонда ол қалай оқымақ, ол тіпті түк көрмейді ғой?

– Біз көмектесеміз, бүкіл сынып болып көмектесеміз! – деді балалар.

Олар оған шынында да көмектесе білді. Күнде кешкілік сыныптас жолдастарының бірі Леваға келіп, онымен бірге сабаққа әзірленді, оқулықтар мен кітаптарды дауыстап оқиды. Парталас көршісі сабақ кезінде оған тақтаға не жазылғанын, оқытушының қандай тәжірибе жасап тұрғанын сыбырлап айтып отырды. Мұғалімдер де өте ынталы балаға ерекше көңіл бөлді. Сөйтіп, Леваның тапсырманы орындамай келген күні болған жоқ. Оған оқу оңайлыққа түспеді, бірақ баланың керемет бейімділігі мен ерекше зейіні жылдан-жылға дами берді. Ол трафаретті пайдаланып, жазуды үйренді. Кейін оған жазу мәшинесін сатып әперді, ал ол өзінің мектептегі шығармаларын кез келген машинистка қызығарлық жылдамдықпен басатын болды. Ал кітап оқу үшін оның бір жұп көзінің орнына бүкіл сыныптың көзі – жиырма бес жұп көзі көрінді. Жолдастары Левамен бірге мұзайдынына, театрға, концерттерге барды.

Өзінің сенімді достарының арқасында Лев Понтрягин орта мектепті үздік бітіріп, Мәскеу университетіне оқуға түсті. Мұнда да жақсы жолдастар табылды. Студенттер түк көрмейтін жас жігітке барлық жағынан ықыластана көмектесті. Понтрягин аса талантты математик болып шықты, ол 23 жасында профессор атағын алды.



- *Леваға жақсылық жасауға сыныптастарын не итермеледі?*
- *Сыныптастардың іс-әрекетінен қандай құндылықтар мен қасиеттерді көруге болады?*
- *Өздеріңе сыныптас достарыңның жасаған жақсылықтарын естеріңе түсіріп, әңгімелеп беріңдер? Сол кезде не сезіндіңдер?*
- *Сендер бір-біріңе қалай көмектесесіңдер?*



3-тапсырма. Мектептегі достық, жолдастық ережесін жасаңдар.

4-тапсырма. «Таза мектеп ауласы» акциясының жоспарын жасап, жүзеге асырыңдар.



Мектеп қай жерде тұрмасын ең асқақ, ең әдемі, ең жақсы орын.

Мектепте қаншама адам, тіпті біздің ата-әжелеріміз, әке-шешелеріміз де оқып, өмірге қадам басты.

Мектеп қабырғасында алаңсыз оқып, білім алуға, жақсы мен жаманды ажыратуға жағдай жасалған.

Әрбір адамға мектепке бару, онда оқу – ең үлкен сый.

Мектепте бізге өмірлік азық боларлық пайдалы білім беріліп, жаныңа ізгіліктің нәрі егіліп, обал мен сауапты үйреніп, адамгершілік қасиеттер бойыңа сіңіріледі.

Білімді бекітуге арналған тестілеу

1-тест

Қоңырау кезінде сыныптасыңның партаның үстін қаламымен шимайлап отырғанын көрдің? Сенің әрекетің:

А) Бірден мұғалімге көргеніңді айтып бересің.

Ә) Жанына барып, оның бұл ісі дұрыс емес екендігін айтасың.

Б) Болған істі байқамағандай жүре бересің.

2-тест

Мұғалім жұма күні болатын ертеңгілікке Абайдың бір өлеңін жаттап келуді тапсырды. Сен ол өлең жазылған парақты жоғалтып алдың?

Сенің әрекетің:

А) Мұғалімге бір сылтау айтасың.

Ә) Абайдың өлеңін өз бетіңше іздеп тауып, жаттауға тырысасың.

Б) Мұғалімге барып, шындықты айтасың.

3-тест

Сәрсенбі. Сен таңертең ұйықтап қалдың. Мұғалім сенің телефоныңа не себепті келмей қалғаныңды білу үшін қоңырау шалды? Сенің әрекетің:

А) Мұғалімге бүгін ауырып қалдым деп айтасың.

Ә) Мұғалімге шындықты айтасың.

Б) Мұғалімге айтудың қажеті жоқ деп санайсың.

4-тест

Досыңмен ренжісіп қалдың. Бірақ ол сыныптың алдында сенімен түк болмағандай сөйлеседі. Ал жеке қалғанда томсырайып сөйлемейді. Сенің әрекетің:

А) Оның бұл қылығының дұрыс емес екенін досыңа айтасың.

Ә) Сен де оны кінәлап, сөйлеспей жүре бересің.

Б) Достасуға тырысып, кешірім сұрайсың.



Ақылшым – мұғалім

Өлеңін жазған: Әнуарбек Дүйсенбиев

Әнін жазған: Ибрагим Нүсіпбаев

Сәбилік көңілден
Арналды бұл әнім.
Баулитын өмірге
Ақылшым – мұғалім.

Тіліңді аламын,
Айтқанды ұғамын.
Мен сендей боламын,
Ақылшым – мұғалім.

Арқанда өзіңнің
Адам боп шығамын.
Бәрі алтын сөзіңнің,
Ақылшым – мұғалім.



II тарау

ЫНТЫМАҚТЫ ОТБАСЫ



9-10 сабақтар

ӨЗІНДІ ЖАҚСЫЛЫҚПЕН ТАРАЗЫЛА

Жақсылықтың үлкен-кішісі болмайды.*Нақыл сөз*

- *Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?*

Жүре алмайтын бала*Василий Сухомлинский*

көктемде бір колхозшы үйін сатып, қалаға көшіп кетті. Оның үйін Қиыр Солтүстік жақтан көшіп келген әйел сатып алды.

Бірде мектептен келе жатқан Павлик сол үйдің жанымен жүрді. Ол бақта бір баланы көрді.

Бала аяқтарын үлкен жылы орамалмен қымтап алып, арбаның үстінде отыр екен.

Павлик біле қойды: бұл Солтүстік жақтан көшіп келген әйелдің ұлы ғой.

– Атың кім? – деп сұрады Павлик.

– Жүр көлге шомылып қайтайық...

– Менің атым Василек, – деді бала, – мен жүре алмаймын ғой.

– Неге жүре алмайсың? – деді таңданған Павлик.

– Ешқашан жүріп көрген емеспін. Аяқтарым ауырады...

Павлик аң-таң болып, Василекқа ұзақ қарап тұрды.

– Орманда да болған жоқсың ба? – деп сұрады Павлик.

– Болған емеспін... – деді Василек мұңайып.

Павликтің орманға барғысы келіп кетті.



Ол орманнан үш тал қоңырау гүлді жұлып алып, Василекке әкеліп берді.



- *Павлик Василекті қалай қуантты?*
- *Көмекке мұқтаж адамдарға жақсылық жасау қаншалықты маңызды деп ойлайсыңдар?*
- *Жақсылық жасау арқылы адам нені үйренеді?*
- *Басқаларға жақсылық жасаған кезде қандай сезімге бөленесіңдер?*



1-тапсырма. Кестені толтырыңдар. Оларға қандай жақсылық жасар едіңдер?

Әкеме	
Анама	
Ініме	
Сіңліме	
Мысыққа	
Балыққа	
Күшікке	
Торғайға	

2-тапсырма. Жағдаятты шешіңдер. Сахналап көрсетіңдер.

Теледидардан сүйікті мультфильміңді көріп отыр едің, досың телефон шалып, үй тапсырмасын орындауға көмектесуіңді сұрады.

Сенің әрекетің?



Сәтемір хан

Ыбырай Алтынсарин

Сәтемір жеті жасар күнінде атасынан жетім қалыпты. Күндердің бір күні Сәтемір далада ойнап жүріп, бір ескі тамның түбінде шаршаған соң сүйеніп, жан-жағына қарап жатса, бір аяғы ақсақ құмырсқа тамның төбесіне қарай өрмелеп барады да, орта шеніне барғанда құлап түседі, тұра салып тағы да өрмелейді, манағыдан гөрі жоғарырақ барғанда тағы құлап түседі. Үшінші рет құмырсқа және тырмысады, ақыры бар күшін салып, қисая-мисая барып, тамның төбесіне шығып кетеді. Мұны көріп Сәтемір ойға қалды: жан-жануардың

ең кішкентайы осы құмырсқа екеш құмырсқа да тынбай жұмыс істеп жүр, өзі ақсақ, бір тырмысып, екі тырмысып, жығылып, сонда да қоймай, ақырында мұратына жетті, тамның басына шықты. Мұны көріп отырып менің де талап іздемей, жұмыссыз ойнап жүргенім ақылсыздық екен деп ойынын тастап, қалаға барды.

Қалада бір зор білімді, оқымысты молда бар екен, соған үй сыпыруға жалданып, ақысына оқу оқыпты-мыс. Ақырында сол Сәтемір асқан данышпан, әлемге әйгілі патша болған.



- Сәтемірге құмырсқа қандай сабақ берді?
- Қоршаған ортадан жақсылыққа үйренуге бола ма? Мысал келтіріңдер.
- Өздерің қоршаған ортадан үлгі алған кездерің болды ма? Мысал келтіріңдер.



3-тапсырма. Суреттерге қараңдар. Ондағы балалардың бойында қандай қасиеттер бар деп ойлайсыңдар? Айтып беріңдер.







Шын жүректен жақсылық жасау әрбір адамның парызы. Ақ пейіл, жылы лебіз, ізгі іс жақсылықтың нышаны.

Айналаңа әрдайым мұқият қарау, сыпайы болу, әдептілік көрсету, көмек қолын созу, жанашырлық таныту жақсылық болып саналады. Басқаларға жақсылық жасасаң, жаның жадырайды. Басқалардың жақсылығын сезінгенде ерекше қуанышқа бөленесің. Жақсылық жасау – адамның шынайы табиғаты.



Болайықшы осындай

Өлеңі мен әнін жазған: Айымгүл Меңжанова

Жақсы бала еңбекшіл
Ер азамат болады.
Қиындықты жеңіп кіл,
Құшағы гүлге толады.
Қайырмасы:

Еңбекшіл осындай,
Болайықшы досым-ай.

Таза бала мұнтаздай,
Сүйсінеді қараған,
Ұқыпты деп бұл қандай,
Жақсы көрер бар адам.

Қайырмасы

11-12 сабақтар



АДАМ ЖАҚСЫ ІСІМЕН КӨРІКТІ

Үлкен алдында жас парызы, ата алдында бала парызы – әдеп пен сый.

Мұхтар Әуезов

- *Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?*



Ананың сүйіспеншілігі

Өсиет әңгіме

Бір күні балалары өзара дауласып, әрқайсысы бір-біріне өздерінің дұрыстығын дәлелдеп, аналарына «Ол кімді бәрінен де артық жақсы көреді?», – деген сұрақты қоя келеді.

Анасы үндеместен шырақты алды да, оны жағып:

– Міне, шырақ – бұл мен! Оның жалыны – менің сүйіспеншілігім! – деді. Содан кейін ол тағы бір шырақты алды да, оны да өз шырағынан тұтандырып жақты.



– Бұл менің тұңғышым, мен оған өз жалынымды, өз сүйіспеншілігімді бердім! Менің бергенімнен менің шырағымның жалыны азайып қалды ма? Менің шырағымның жалыны сол күйінде қалды, – деп, ол қанша баласы болса, сонша шырақ жақты, алайда оның шырағының жалыны сол қалпында қала берді...



- Осы өсиет әңгімеден қандай сүйіспеншілікті байқадыңдар?
- Мәтінде ананың сүйіспеншілігін неліктен жанған шырақпен салыстырған?
- Өз ата-анаңның сүйіспеншілігін неге теңер едің? Себебін түсіндіріп бер.
- Өз отбастарыңда жақындарыңның мейірі мен сүйіспеншілігін неден, қалай сезінесіңдер?



1-тапсырма. Отбасындағы өз міндеттеріңді жазыңдар. Оны қалай орындап жүргендеріңді әңгімелеп беріңдер.

2-тапсырма. Отбасы бақытты болу үшін не қажет деп ойлайсыңдар? Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін өзің үшін ең маңыздыларынан бастап орналастыр.

Тиісті сөздер мен сөз тіркестері: *көтеріңкі көңіл күй, парызды орындау, сыйлықтар, дәмді тағам, жайлы жағдай, жақсы ниет, жақсы тілек, жақсы көру, сыйлау, құрметтеу, сабырлылық, тыңдау, ақылдасу.*



Аурудан аяған күштірек

Ыбырай Алтынсарин

Сейіт орам үстінде жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы келіп, аңдаусыз соғып кетіп, аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баланы көріп, шошынғаннан шешесі есінен

танып қалыпты. Мұны көрген соң, Сейіт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып, таңып жатқанда да, дыбысын шығармай, қабағын да шытпай жатты. Сонда сынықшы кісі:

– Аяғың ауырмай ма, қабағыңды шытпайсың? – деп сұрапты.

Сейіт шешесі шығып кеткен соң демін алып, сынықшыға сыбырлап:

– Ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп тұр, бір-ақ менің жанымның қиналғанын көрсе, шешем де қиналып, жүдемесін деп шыдап жатырмын, – депті.



- Сейіт неліктен ауруды сезінбеді?
- Әңгіме неліктен «Аурудан аяған күштірек» деп аталады?
- Сейіттің бойында қандай құндылықтар мен қасиеттер бар?
- Өздерің жақындарыңды қиналтып, уайымдатпау үшін не істей аласыңдар? Не істеу керек деп ойлайсыңдар?



3-тапсырма. Сен үшін «Жақсы отбасы» қандай болу керек? Әңгімелеп беріңдер.

4-тапсырма. «Біздің отбасымыздағы адамгершілік құндылықтар» тақырыбында үлкендермен бірге шағын әңгіме жазыңдар.



Отбасы – бұл ұлттың, елдің, әлемнің негізі.

Отбасында баланың ең бірінші міндеті – ата-аналарын құрметтеу.

Отбасында риясыз сүйіспеншілік, өзара көмек, жауапкершілік, құрмет болса, онда отбасының барлық мүшесі өз парыздары мен міндеттерін орындағандары. Отбасындағы өз міндеттерімізді сүйіспеншілікпен және жауапкершілікпен орындасақ, дұрыс әрекет болады.

Егер сен, ағанды тыңдасаң, сені інің тыңдап,
сыйлайтын болады. Отбасындағылар бір-біріне
риясыз қызмет етсе, сол отбасында бақыт, қуаныш,
шаттық, жақсылық болады.



Бала тілегі

Әнін жазған: Фаридә Жолдасова

Өлеңін жазған: Сержан Молдасанұлы

Бал-балалық, балдырған шақ сан арман,
Барлық бала армандауға жаралған.
Кел, достарым, әндетіңдер, билеңдер,
Гүлденсін деп атамекен қара орман.

Болашақтың иесіміз бәріміз,
Туған жердің түрлендірер нәріміз.
Алтын бесік – ұлан-байтақ елімде,
Жарқын болсын шырқап айтар әніміз.

Қалықтаған көгершіні көгінде,
Мұңаймасын ешбір бала елімде.
Ата берген батаменен көркейсін,
Ұлы Отаным, тілегім сол менің де.

13-14 сабақтар

АДАЛ ЖӘНЕ АҚКӨҢІЛ БОЛУ

Адалдық жүрген жерде, адамдық жүреді.

Нақыл сөз



- Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?



Ғажайып адам

Ертегі

Ертеде бір ғажайып адам болыпты. Ол кедей-кепшіктерге көмектесіп жүріпті. Бір күні ғажайып адам жоқшылықтан жүдеген баланы көреді. Ол баладан:

– Балақай, саған не болды? – деп сұрайды. Ешкімнен қайырым көрмеген бала оған:

– Сіз маған көмектесе аласыз ба? – дейді мұңайып.

– Мен үш тілегінді орындай аламын.

Қуанып кеткен бала:

– Менің бірінші тілегім – халқымның тұрмыс тіршілігі жақсарып, бейбітшілік орнаса деймін. Екіншісі – ата-анамның еңбекпен еккен егіні қаулап шықсын деген тілек. Ал үшіншісі сіз сияқты ғажайып адам болсам, шіркін, – дейді.

– Балақай, мен сенің үш тілегінді орындаймын. Бірақ, саған қоятын бір сұрағым бар.

– Ол қандай сұрақ?

– Неге мен сияқты ғажайып адам болғың келеді?

– Сіз сияқты адамдарға көмектескім келеді.

Ғажайып адам баланың жауабына риза болып, оның үш тілегін де орындайды. Ал, бала ата-анасына, өзіне жақын жүрген барлық адамдарға жақсылық жасап, ол да «ғажайып адам» атанады.



- «Ғажайып адамның» ғажайыптығы неде?
- Сен ғажайып адамды кездестірсең, қандай үш тілек тілер едің?
- Неліктен ғажайып адам баланың тілектерін орындады деп ойлайсыңдар?
- Ғажайып адам болғың келе ме? Неліктен?
- Сенің айналаңда осындай ғажайып адамдар бар ма? Әңгімелеп бер.



1-тапсырма. Төменде берілген тапсырманың кілтін пайдаланып, әріптерді орындарына дұрыс қойсаңдар, сабақтың дәйексөзін оқисыңдар.

Тапсырманың кілті:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
а	г	д	е	ж	қ	л	м	н	р	ү	ы	і

1	3	1	7	3	12	6		5	11	10	2	4	9

5	4	10	3	4		1	3	1	8	3	12	6		5	11	10	4	3	13		

2-тапсырма. Төменде берілген сөздерден нақыл сөз құрастырыңдар, мағынасын түсіндіріп беріңдер.

Туісті сөздер: адалдық, адамдық, жүреді, жерде, жүрген.



Аманатқа қиянат жасама...

Әсиет әңгіме

Ертеде бір жас бала сауда жасауға кетіп бара жатқан керуен басшысына келіп, бір тері береді де, осы теріні сатып, сатылған ақшасына сәйкес зат әкелуін сұрайды. Керуен басшысы теріні алып, балаға келісімін береді. Үлкен жәрмеңкеде тері бір теңгеге өтеді. Бір теңгеге мысық қана



келеді. Мысықты алып, керуен ауылға бет түзейді. Жолда бір ауылға тоқтаса, онда тышқан қаптап, ауыл тұрғындары азық-түліктерінен айырылып жатыр екен. Мысық жерге түсе салып, тышқандарды қуа жөнеледі. Ауыл тұрғындары керуен басшысына жалынып, көп алтын беріп, мысықты сатып алады. Жолда керуен басшысына: «Балаға бір теңгесін беріп, алтындарды өзіме қалдырайын» деген жаман ой келеді.

Біраз жүргеннен кейін, керуенді қарақшылар тонап, әкеле жатқан дүние-мүліктерін тартып әкетеді. Сол кезде керуен басшысына: «Мен баланың аманатына қиянат жасадым, егер оның алтындарын алам деп ойламасам, керуенді тонамаушы еді» деген ой келеді.

Тоналған керуенді естіген ауыл адамдары көмекке келіп, ұрыларды ұстайды. Сөйтіп, дүние-мүлік қайтарылады, ал керуен басшысы, мысықтан түскен алтын-теңгелердің барлығын балаға береді.

Осыдан «Аманатқа қиянат жасамау керек» деген нақыл шыққан екен.



- Саудагер неліктен аманатқа қиянат жасамақ болды?
- Саудагердің жаман ойы неге іске аспады?
- Адамның ойының күштілігіне сенесіңдер ме? Қалай?
- Сендердің өмірлеріңде осындай жағдайлар болып па еді? Әңгімелеп беріңдер.



3-тапсырма. Жағдаяттарды шешіңдер. Сұрақтарға жауап беріңдер.

• Маржан – үздік оқушы. Мектептен көңілсіз оралды. Анасына бақылау жұмысынан төрт алғанын, оның әділ қойылмағанын айтты. Анасы оның бұл пікірін немен дәлелдейтінін сұрап еді. Маржан үндемей қалды.

- Маржанның әрекеті дұрыс па?
- Маржанның анасы неліктен оны тоқтатты?

• Азамат сыныптастарының барлығының жетістігін, қуаныштарын өзінікіндей көріп, қуанады. Ол басқаларға көмектесуге, оларды қуантуға әзір тұрады. Алайда, сыныптастарының біразы Азаматты түсінбейді. Кейде келемеждеп, күледі.

- Азамат қандай адам?
- Сыныптастарына қандай құндылықтар мен қасиеттерді тілер едің?

4-тапсырма. Адал және ақкөңіл болу ережесін оқыңдар, өздерің толықтырыңдар. Естеріңде сақтап алыңдар.

Сөзің мен ісіңе адал бол!

Қарапайым бол!

Парызыңды ұмытпа!

Тәртіпті бол!

Ойың, ниетің жақсы болсын!



Адалдық – адам бойындағы таза ниет, ар-ұятқа сәйкес келетін әрекеттер, борышына жауапкершілікпен қарау.

Ақкөңілділік – жақсы қасиеттердің бірі. Ақкөңіл адам өзгенің жетістігіне, өзінікіндей қуанады. Олар көмектесуге, қуантуға дайын тұрады.

Ақкөңілділік пен адалдық – дұрыс әрекет болып табылады.



Келші, келші, балашым

*Өлеңін жазған: Қабдікәрім Ыдырысов
Әнін жазған: Ескендір Хасанғалиев*

Айым болып тудың ба?
Күнім болып тудың ба?
Ата жолын құдың ба?
Әке жолын құдың ба?
Бұл дүниеге келген соң,
Сұрауы бар судың да.

Айдарыңнан айналдым,
Маңдайыңнан айналдым.
Торсық шеке, тоқ шеке
Бақ болар, деп ойладым.
Ашық жанар көңілің
Ақ болар, деп ойладым.

Қуанышым арай жүз,
Сөйлесерміз талай біз.
Бар ағайын жиналып,
Мәз боп саған қараймыз.
Сендей бала ешкімде
Болмаған деп санаймыз.

Жалғыз дара – өзіңсің,
Атасының көзісің,
Әжесінің сөзісің,
Мен барымды аяман,
Ботақаным, сен үшін.
Не деп енді мақтайын?
Айтуға сөз таппаймын.



15-16 сабақтар

САЛАУАТТЫ ОТБАСЫ



**Бір адам жаққан отқа,
жүз адам жылынады.**

Қазақ мақалы

- *Дәйексөздің мағынасын түсініп оқып, жаттап алыңдар.*



Бақытты отбасының сыры
Өсиет әңгіме

Бір шағын қалада екі отбасы көрші тұрады.

Бір отбасында үнемі ұрыс болады, ал екінші отбасында барлығы тату-тәтті өмір сүреді.

Бір күні бақытты отбасына қызығып жүрген екінші үйдің баласы олардың қалай бақытты, тыныш өмір сүріп жатқанын білгісі келеді. Сөйтіп, ол көрші үйге келіп, жасырынып, бақылап отырады.

Бақытты үйде барлығы әкесі, анасы, балалары да ылғи көңілді жүреді екен. Олар бәрін бірлесіп жасап жатты. Анасы үйін тазалап жүріп, бір құмыраны сүртіп тұр еді, кенеттен біреу телефон соғады. Ол құмыраны үстелдің шетіне қойып кетеді.

Анасына көмектесіп жүрген баласы бөлмедегі жаңағы құмыраны байқамай құлатып алады. Құмыра сынып қалады.

Бала «Міне қазір ұрыс басталады» деп ойлайды. Өйткені олардың отбасында осылай болушы еді.

Анасы ұлына:

– Кешір, балам. Мен кінәлімін. Мен оны дұрыс қоймадым.

– Жоқ, мен кінәлімін. Байқамай қалдым.

– Жарайды, ештеңе етпейді, бұл болмашы нәрсе, – дейді әкесі.



...Көрші бала оларға қызыға қарап, өз үйіне қарай жүгіре жөнеледі.

Анасы:

– Не болды сонша жүгіріп, бірдеңе көрдің бе?

– Иә!

– Анашым, мен көршілердің бақытының сырын, олардың бізден ерекшелігін енді ұқтым.

– Олардың отбасында әркім өзін кінәлайды екен. Ал біздің отбасымызда әрқайсымыз «менікі дұрыс» дейміз.



- Отбасы жылулығы мен саулығы кімге және неге байланысты деп ойлайсыңдар?
- Отбасы салауатты болу үшін қандай құндылықтармен өмір сүруі керек?
- Өз отбасыларыңды салауатты отбасы деп санайсыңдар ма? Неліктен?



1-тапсырма. «Менің отбасым қандай?» тақырыбында шағын әңгіме жазыңдар.

2-тапсырма. Жағдаятты оқып, сұрақтарға жауап беріңдер.

Айнұрдың әке-шешесі күні бойы жұмыста. 2-сыныпта оқитын Айнұр әжесімен бірге қалатын. Әжесі Айнұрға ылғи да үйдің тазалығын сақтау оның міндеті екенін айтып отыратын. Әжесінің бұл ақылын Айнұр түсінбейтін...

- *Айнұр неліктен әжесінің ақылын түсінбеді?*
- *Үйдің таза болуы неге байланысты деп ойлайсыңдар?*

3-тапсырма. Кестеге назар аударыңдар. Отбасындағы аға, іні, әпке, сіңлі, қарындасың міндеттерін жазыңдар.

Аға	
Іні	
Әпке	
Сіңлі	
Қарындас	



Жаның жеті жаманнан аман болсын

Ел аузынан

Бірде Бөлтіріктен қасындағы жас өнерпаздар сұрапты дейді.

– Ақ ата, тәнің мен жаның бірдей сау болсын деген сөзіңіздің мәнісі не? Тәні саудың жаны да сау болмай ма? – деп. Сонда Бөлтірік былай айтқан екен:

– Тәні саудың бәрінің жаны сау бола бермейді. Тән мен жанның саулығы бірдей болуы – кісі бойында сирек кездесетін байлық. Кісінің жанын аздыратын дерттің түрі көп:

- Қызғаныш деген бар, содан сақтан,
- Кекшілдік деген бар, содан сақтан.
- Қиянат деген бар, одан алыс жүр,
- Сараңдық деген бар, одан қалыс жүр.

- Ызақорлық деген бар, одан таза бол.
- Бәлеқорлық деген бар, одан ада бол.
- Қанағатсыздық деген бар, содан аман бол.

Төрт мүшең түгел болса, жаның осы жеті жаманнан аман болса, жаның мен тәніңнің бірдей сау болуы деген сол. Жаның осы жеті жаманнан аман болсын.



- Жан саулығы дегенді қалай түсінесіңдер?
- Неліктен жаны саудың тәні сау болады?
- Адамның жаны сау болуы үшін қандай құндылықтар мен қасиеттер болуы керек?
- Өз жаныңның саулығын қалай сақтайсың?



4-тапсырма. Салауатты отбасының ережесін құрастырыңдар. Дәптерлеріңе жазыңдар.

5-тапсырма. Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып «Бақытты отбасы» тақырыбында әңгіме жазыңдар.

Керекті сөздер мен сөз тіркестері: жақсы ой, адал ниет, жақсы іс, көмек, қамқорлық, жанашырлық, сүйіспеншілік.



Отбасының әрбір мүшесінде жақсы ниет, жақсы сөз бен ізгі іс-әрекет болғанда ол отбасы салауатты отбасы болады. Ондай отбасында көтеріңкі көңіл күй болып, тату-тәтті өмір сүреді және денсаулықтары да мықты болады.

Білімді бекітуге арналған тестілеу

1-тест

Ағаң Астана қаласынан анаңа әдемі сувенир әкелді, сен оны достарыңа көрсетемін деп байқаусызда сындырып алдың. Сенің әрекетің:

А) Байқаусызда сындырып алғандықтан, кешірім сұрауды қажет деп санамайсың.

Ә) Сындырғаныңды мойындағың келмей, көршіңнің сындырғанын айтасың.

Б) Байқаусызда сындырып алғаныңды айтып, ағаң мен анаңнан кешірім сұрайсың.

2-тест

Анаң жұмыстан кешке үйге қонақ келетінін, үйді жинап, еденді жуып қоюды тапсырып, телефон соқты? Сенің әрекетің:

А) Теледидардан сүйікті мультфильмді көргендіктен, шала жинап қоясың.

Ә) Берілген тапсырманы «менің міндетім емес» деп есептейсің.

Б) Анаңның айтқанын бұлжытпай орындап қоюға тырысасың.

3-тест

Көшедегі құдыққа балалардың қоқыс тастап, тас лақтырып ойнап жүргендерін көріп қалдың? Сенің әрекетің:

А) Үйге барып, ата-анаңа айтасың.

Ә) Балаларды тоқтатуға тырысасың.

Б) Мен бұл құдықтан су ішпеймін ғой деп, байқамағандай боласың.

4-тест

Әкеңмен бірге дүкенге бардың. Дүкенде әкең ініңе ойыншық мәшине сатып алды. Ал саған ұнаған ойыншықты кейін алып беретінін айтты? Сенің әрекетің:

А) Бірден ашуланып, әкеңе өкпелеп, сол жерде жылайсың.

Ә) Әкеңнің сөзінде тұратынын біліп, келісесің.

Б) Әкеңе іштей ренжіп қаласың.



Біз осылай өсеміз

*Өлеңін жазған: Мұзафар Әлімбаев
Әнін жазған: Ибрагим Нүсіпбаев*

Таң атады арайлап,
Күн күлімдеп туады.
Жадырайды бар аймақ,
Жарқырайды шуағы.
Дала гүлін жинаған,
Жазып ерлік дастанды.
Аталарым сыйлаған
Бізге ашық аспанды.
Жарқын заман бөбегін
Аялайды нұрлы таң.
Алтын бесік өз елім,
Туған өлкем Ұлы Отан!

III тарау

АДАМ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ...



17-18 сабақтар

ӨЗІНДІ ЖӘНЕ БАСҚАЛАРДЫ ҚҰРМЕТТЕУДІ ҮЙРЕНЕМІЗ



**Біреуді артық, біреуді кем санамай,
жұрттың бәрін құрметтей біл.**

Лұқман Хакім

- Дәйексөздің мағынасын түсініп оқып, жаттап алыңдар.



Қайырымдылық

Леонардо да Винчи

Жылы ұясынан басын шығарып, балапан құздан төменде ұшып жүрген көптеген құстарды көрді.

– Шеше, мынау қандай құстар? – деп сұрады ол ана қыраннан.

– Біздің достарымыз, – деді ана қыран.

– Қырандар жалғыз-жалғыздан тұрады. Біздің табиғаттан алған еншіміз осы. Қырандар сондықтан маңайында басқа құстар да болғанын қалайды. Мына көріп отырғаның – біздің сенімді достарымыз.

– Анасының тәптіштеп түсіндіргеніне риза болған балапан қыран төменде өзіне дос құстардың ұшқанына қызықтай қарады. Сол сәтте ол кенеттен:

– Әне, әне, анау құс біздің жемімізді ұрлап алып кетіп барады! – деп айқай салды.

– Сабыр ет, ұлым. Олар ешнәрсені ұрлаған жоқ. Мен оларға өзім бердім. Ал енді менің мына сөздерім есінде болсын. Қырандар өзіне тамағы жетпесе де маңайындағы көршілес мекендеген құстарға қайырымдылық көрсетіп, көмектесуі тиіс.

Өйткені, ол құстар, қыран сияқты биікке ұшып, алысқа самғап барып, жейтін жемін тауып, әкеле алмайды. Мұндай күш оларда жоқ қой.



Кімде-кім өзіне адал дос тауып алғысы келсе, ол ең алдымен өзі сабырлы, басқаларға мұқият қарайтын болуы тиіс. Құрмет пен сыйластықты ешкім күшпен алмайды.

Қайырымдылық көрсеткен жан ғана құрметті болады, соны ғана басқалар сыйлайтын болады.



- Қырандардың бойынан қандай қасиетті байқадыңдар?
- Неліктен қыран ана «Құрмет пен сыйластықты ешкім күшпен алмайды» деді?
- Қыран құсты қандай адамдарға теңеуге болады? Неліктен?
- Адамға қайырымдылық жасау не үшін керек деп ойлайсыңдар?



1-тапсырма. Төменде берілген тапсырманың кілтін пайдаланып, әріптерді орындарына дұрыс қойсаңдар, Мұхтар Әуезовтің нақыл сөзін оқуға болады.

Тапсырманың кілті:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
к	ү	ш	і	ң	е	с	н	б	а	д	л

1	2	3	4	5	6		7	6	8	9	6	
												,

10	11	10	12		4	7	4	5	6		7	6	8	
														.

Менің әкем
(Үзінді)



Немат Келімбетұлы

Менің әкем алғанына емес, біреуге бергеніне қуанатын адам еді. Ал, күзгі жеміс жинау кезеңі – әкемнің өміріндегі ең бақытты күндері болатын. Мәуе төккен күзгі ағаштар түбіндегі

асығыс-үсігіс жеміс жинап жатқан балаларға мейірлене ұзақ қарап, іштей елжіреп, нұрланып, рухтанып, тіпті көрер көзге кәдімгідей жасарып кететін еді. Маған әкем өзінің бүкіл өмірін, күш-қуатын, қабілетін осы минуттар үшін, яғни адамдардың өзіне риза болған қуанышты жүздерін көру үшін жұмсап жүргендей көрінетін.

Бүгін ойлап қарасам, марқұм өзі үшін емес, өзгелер үшін өмір сүрген екен. Соғыстан кейінгі жылдары ауылда ер адамдар саусақпен санарлықтай аз еді. Мүмкін, содан шығар, әйтеуір ауылда біреудің пеші яки тандыры бұзылып қалса да, есік терезесі қирап немесе құдығынан су шықпай жатса да әкемді шақырып әкететін. Өз үйіміздегі қыруар шаруалар басымыздан асып жатса да әкем көмек сұрап келгендерге «жоқ» демейтін. Ең бастысы – әкем өз еңбегі үшін әлгі адамдардан бір тиын алмайтын.

Бір жолы әкем үйге кеш келді. Күйеуі соғыстан қайтпай, жесір қалған бір көп балалы әйел бар еді. Сол үйдің шатырын жөндепті. Дәл осы күні көрші ауылда тұрған ағам мен жеңгем қонаққа келген еді. Ағам сол жолы әкемізге зіл тастап сөйледі:

– Өз шатырымыздан су сорғалап тұрғанда өзгенің шатырын жамап-жасқап жүргеніңіз қалай? – деді. Әкем оған ренжімей, күлімсіреп:

– Әрқайсымыз тек өзіміз үшін ғана тырбанып бақсақ, онда өзі үшін жайылып жүрген малдан қандай айырмамыз болмақ-деді.

Ағам үн-түнсіз тұрып қалды.



- *Әке неліктен өзгелерге қызмет етті?*
- *Өздерің басқаларға жақсылық жасағанда қандай сезімде боласыңдар?*
- *Өздеріңе басқалардың жасаған жақсылығын естеріңе түсіріп, айтып беріңдер.*



2-тапсырма. Төменде берілген құндылықтар мен қасиеттердің қайсысын кеменің желкеніне, қайсысын судың түбіне жіберер едіңдер. Себебін түсіндіріңдер.

Сүйіспеншілік, дәрекілік, жанашырлық, қиянат жасамау, еңбекқорлық, сыйластық, әдепсіздік, мейірімділік, жауапкершілік, шыдамсыздық, сабырлылық, ұстамдылық, қамқорлық.



3-тапсырма. Жағдаятты оқып, сұрақтарға жауап беріңдер.

Арман мен Ардақ автобуста келе жатыр еді. Автобуста бір әжей өзін нашар сезінді. Ардақ әжейге жүгіріп барып «Әже, сәл шыдаңыз, мен қазір жедел жәрдемге телефон соғамын», – деді де, жедел жәрдем шақырды.

Жедел жәрдем әжейді ауруханаға алып кетті.

Арман Ардақтан: Әжейді танысың ба? – деп сұрады.

Ардақ ол әжейді танымайтын еді...

- Неліктен Ардақ әжейге көмектесуге асықты?
- Арманға қандай қасиеттер қажет деп ойлайсың?
- Неліктен барлық адамдарға риясыз жақсылық жасау керек деп ойлайсың?



Басқа адамдарға құрмет көрсетіп, сыйластық көрсеткен кезде ғана адам ізгі қасиеттерге, жақсылыққа қол жеткізеді. Ол адамның достары көп болады.

Өзін және өзгені құрметтейтін адамның сөзі де, ойы мен ісі де ізгі болады.



Бақытты балалар әні

Өлеңін жазған: Қосжан Мүсірепов

Әнін жазған: Ибрагим Нүсіпбаев

Біз көңілді ұланбыз!
Ән шырқаймыз, сайраңдап.
Бақытты елде туғанбыз,
Жаз гүліндей жайраңдап.

Бөбектерді қуантып,
Құрметтейміз қарттарды.
Өнерге біз құмартып,
Өсіреміз бақтарды.

Шынығамыз, ойнаймыз,
Жас ұрпақпыз талапты.
Жаз қызығын тойлаймыз,
Жақсы оқимыз сабақты.

19-20 сабақтар

КЕШІРЕ БІЛУДІ ҮЙРЕНЕМІЗ



Кешіре білген адам – күшті адам.

Нақыл сөз

- *Дәйексөздің мағынасын түсініп алыңдар.*



Шіріген картоп

Өсиет әңгіме

Баяғы заманда бір кісінің балалары әркез бір-біріне өкпелеп, ренжіп жүреді екен. Ол өкпе-реніштерінің кесірінен араларында түсініспеушілік туып, отбасынан береке-бірлік кетеді.

Олардың бұл әрекетіне алаңдаған әке бір күні балаларын шақырып, былай дейді:

– Балаларым, сендерге менің бір тілегім бар: дәл қазірден бастап, өздерің ренжіп, өкпелеп, жүрген адамдарды естеріңе түсіріп, олардың аттарын жеке-жеке картоптарға жазып, ол картоптарды дорбаға салып, жатсаңдар да, тұрсаңдар да жандарыңнан тастамай алып жүріңдер.

Балалары әкесінің жұмбаққа ұқсас тілегін түсінбесе де, айтқанын орындайды. Балалардың бірінде бірнеше картоп болса, енді бірі қаптың біраз бөлігін толтырады. Осылайша балалар картоп салынған дорбаны күн сайын жатса да, тұрса да арқалап жүреді.

Алайда күн артынан күн өткен сайын картоп салынған дорбаны арқалап жүру ыңғайсыз болғанымен қоймай, дорбадағы картоп шіріп, жағымсыз иіс шығара бастайды. Айналадағы адамдар да оларға бір түрлі қарайтын болды. Балаларға сасыған, ауыр жүкті арқалап жүру азап болады. Олар өзара ақылдасып, әкесіне келеді:



– Әке, мына тапсырмаңызды енді одан әрі орындай алмаймыз. Картоптың ауырлығымен қоса, күн өткен сайын жағымсыз иіс шығарып, шіріп барады. Адамдар да бізге жиіркенішпен қарайтын болды. Әке, сіздің бұл сынағыңыздың мәнін түсінбедік, – дейді.

Әкесі:

– Балаларым, мен бұл тапсырманы берген себебім: сендердің бір-біріңе, айнала қоршаған ортаға өкпе-реніштерің осы картоп сияқты екенін түсіндіргім келіп еді. Өкпе-реніш те осы жүк сияқты жан дүниемізге салмақ салады. Тек қана салмақ салып қоймай, оны бүлдіреді. Ал бүлінген, ластанған жан дүние айналасына жарық сәуле шашпайды, әркез осы шіріген картоп сияқты болады.

Сол күннен бастап қарияның балалары айнала қоршаған ортаға, бір-біріне деген өкпе-реніштің зиянын ұғынып, әркез кешірімді болып, кешірімділіктің күшін түсініп, тату-тәтті ғұмыр кешіпті деседі.



- Әкесі балаларына нәліктен мұндай тапсырма берді деп ойлайсыңдар?
- Балалар әкесінің тапсырмасынан қандай сабақ алды?
- Өкпе-реніш нәліктен сасыған картопқа ұқсайды?
- Өздеріңнің басқаларға өкпе-реніштеріңнің себебіне үңіліп көрдіңдер ме?
- Сендер өкпе-ренішті қалай жеңесіңдер? Әңгімелеп беріңдер.



1-тапсырма. Төменде берілген рөлдер бойынша жаңалықтар бағдарламасын дұрыс әрекетке негіздеп жасаңдар.

а) Зерттеуші тілші.

Тәулік бойы кешірімділік жайлы орын алған оқиғалар туралы хабарлайды.

ә)Теледидар жүргізушісі.

Кешірімділік жайлы оқиға орнынан жиынтық ақпараттар ұсынады.

б) Сұхбат алушы тілші.

Әлемдегі барлық адамдар кешірімді болса, онда...

2-тапсырма. Кешіре білудің жолдарын жасаңдар. Дәптерге жазыңдар.



Өткел

Иван Василенко

Екінші сыныпта оқитын Гриша мен Дима бір көшенің бойындағы қарама-қарсы үйлерде тұрады. Бұрын жақсы достар еді, бір-ақ бір нәрсеге ренжісіп, бір-бірімен ерегесе бастады. Гриша өз ауласының қақпасынан шығады да, бүкіл көшені басына көтеріп, айқайлап, Димаға жұдырығын көрсетеді.

Дима да оған дауыс көтеріп, балағаттап, жұдырығын түйеді.

Мектепте оқитын жолдастары оларды қаншама рет татуластырмақ болғанымен, ештеңе шықпады. Екеуі де қыңырланып, көнбеді. Ақырында тіпті екеуі бір-біріне көшенің екі жағында тұрып, балшық лақтыратын болды.

Бірде нәсер жаңбыр жауды. Көп кешікпей бұлт тарап, күн көзі көрінді, бірақ көше бойы көлкіген су еді. Көшені қиып өтуге тиіс болған адамдар, оның жиегін жағалап, аздап суға аяқтарын салып көріп жүрді, бірақ әрі қарай аттауға ешқайсысы батпады.

Гриша үйінен шығып, қақпа алдына келіп, жаңбырдан кейін тазарып, жаңарып сала берген әлемге сүйсініп тұрды.

Бір кезде Диманың ауладан шыққанын байқады, оның қолында үлкен тасы бар екен. «Әһа, – деп ойлады Гриша, – сен таспен ұрмақсың ғой?! Жақсы!». Ол жып беріп, қақпаға кірді де, аулада жатқан кірпішті ала салып, тойтарыс беруге дайындалып, көшеге қарай жүгіріп шықты.



Бірақ Дима қолындағы тасты лақтырмай көшенің жиегіне отырып алып, көшеге төсеп жатыр екен. Ол тасты қалады да, теңселмес пе екен деп аяғымен басып көріп, үйіне кіріп кетті. Ал әлгі тас бейне кішкентай арал сияқтанып, суда қала берді. «Оның несі бар екен, – деп ойлады Гриша. Мұны мен де жасай алам». Сөйтті де қолындағы кірпішін суға тастады.

Ал Дима болса басқа бір тасты алып келе жатты. Ол байқап-байқап алғашқы тасқа тұрды да, Гришаның кірпішімен бір сызықтың бойына келтіріп, екінші тасты суға тастады.

Мұны көрген Гриша бірден үш кірпіш алып шықты.

Сөйтіп, олар барған сайын бір-біріне жақындап, көшеден өтетін көпір сала бастады, ал көшенің екі жағына жиналған адамдар екеуіне қарап, күтіп тұрды.

Енді, міне, соңғы кірпіш пен соңғы тастың арасында бір-ақ қадамдай жер қалды. Екі бала бетпе-бет келді. Сол кезде екеуі көптен бері алғаш рет бір-біріне тура қарады:

– Дима, менде тасбақа бар. Біздің аулада жүр. Көргің келе ме, жүр? – деді Гриша...



- *Әңгімеде кешіруге бірінші болып кім қадам жасады?*
- *Диманың қандай әрекеті Гришаға сабақ болды?*
- *Әңгіме неге «Өткел» деп аталған?*
- *Өздеріңнің осылай татуласуға бірінші болып қадам жасаған кездерің болды ма? Оны қалай жасадыңдар? Әңгімелеп беріңдер.*



3-тапсырма. Тиісті сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңдар.

Адам кешірімшіл болып, кешіре білуге үйренгенде, оның жаны

Айналаңа мейірімді болып, өзара түсінісу, ол –... .

Ренжу деген –... .

Тиісті сөздер мен сөз тіркестері: *жақсылыққа толы болады; кешірімді болу; білместік.*



Адам кешірімді болып, кешіре білуге үйренгенде өмір қуанышқа, жақсылыққа толы болады. Ондай адам өзімен және өзгелермен үйлесімділікте өмір сүреді.

Кешірімді болу – айналаңа деген мейірімді болудың, ақылдың, өзара түсінісудің көрінісі. Адамдар өзгелерді кешіру арқылы мейірімді бола түседі.





Күн күледі

Өлеңін жазған: Құрманбай Толыбаев

Әнін жазған: Ибрагим Нүсіпбаев

Қызғалдақтар қырда тұнып,
Жайқалады ырғатылып.
Анамыздай мейірлі Күн
Аймалайды шыңда тұрып.

Қайырмасы:

Ала таңнан оянамыз,
Күнмен бірге қуанып.
Біз ауылға ораламыз,
Құшақ-құшақ гүл алып.

Жалбыр шашы – гүл жібегі,
Жайнаң қағып Күн күледі.
Кешке дейін бізбен бірге,
Күлім қағып бір жүреді.

Қайырмасы



21-22 сабақтар

ДОС БОЛУДЫ ҮЙРЕНЕМІЗ



Достықты достық шақырады.

Абай Құнанбаев



Жаман жолдас

Ыбырай Алтынсарин

Екі дос кісі жолда келе жатып, бір аюға ұшырапты. Бұл екі кісінің біреуі әлсіз, ауру екен. Екіншісі мықты, жас жігіт, аюды көрген соң, бұл жігіт ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді.

Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге құлады да, өлген кісі болды да жатты. Естуі бар еді, «аю өлген кісіге тимейді» деп. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп иіскелеп



тұрды да, дыбысы білінбеген соң тастап жөніне кетті. Мұнан соң манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты:

– Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті?

Әлсіз адам айтты:

– Аю құлағыма ақыл сыбырлады: «Екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма», – деді.



- *Аю неліктен әлсіз, ауру адамға тимеді?*
- *Шындығында аю оған сондай ақыл айтты ма?*
- *Ауру адамға ақылды сөзді не айтқызып тұр?*
- *Осындай қиын жағдайларда өздерің қалай әрекет етер едіңдер?*



1-тапсырма. Адал достық болу үшін не қажет деп ойлайсыңдар? Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін өзің үшін ең маңыздыларынан бастап орналастыр. Таңдауларыңды түсіндіріңдер.

Тиісті сөздер мен сөз тіркестері: адалдық, ортақ көзқараста болу, жауапкершілік, қамқорлық, сүйіспеншілік, есептесу, санасу, кешірімділік, қиянат жасамау, ақша, мақтау.

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, дос туралы мақал-мәтелдерді оқыңдар, өздерің де мақал-мәтел құрастырыңдар.

Адам – адамға ..., жолдас,

Досы жақсының, ... де жақсы.

Көп ақшаң болғанша, көп ... болсын.

Дос – досқа

Тиісті сөздер: дос, айна, бауыр, өзі, досың.



Құм мен тас Өсиет әңгіме

Екі дос шөл далада саяхаттап жүреді. Бір кезде екеуі ұрысып қалады да, біреуі екіншісінің жағынан тартып жібереді. Соңғысы ауырсынса да, ештеңе айтпайды, тек құмға былай деп жазады: «Бүгін менің ең жақсы досым менің жағымнан шапалақпен тартып жіберді».

Олар әрі қарай жүріп келе жатып, көгалға кездеседі, сол жерде шомылып алмақшы болады. Шапалақ жегені суға секіріп кетеді де, батып кете жаздайды. Бірақ досы оны құтқарып қалады. Ол өз-өзіне келген кезде, тасқа былай деп жазады: «Бүгін менің ең жақсы досым менің өмірімді құтқарып қалды». Сол кезде оны жағынан тартып жіберген, құтқарып қалған досы сұрайды:

– Мен сені ренжіткенде сен құмға жаздың, ал енді тасқа жазып жатырсың. Неге? – деп сұрайды.

Досы былай деп жауап береді:

– Бізді біреу ренжіткенде, жел оны өшіріп тастауы үшін біз оны құмға жазуымыз керек. Ал біреу жақсылық жасаса, оны өшірмейтіндей етіп, тасқа қашап жазуымыз керек. Өкпеңді құмға, қуанышыңды тасқа қашап жазып үйрен.



- *Жігіт неліктен ренішін құмға жазды?*
- *Жақсылықты тасқа жазуының себебі неде?*
- *Бұл оқиғадан қандай сабақ алар едің?*
- *Өзің достарыңмен қарым-қатынаста өкпе-ренішті қалай жеңесің?*
- *Адамдарға қалай өкпелеп, ренжімеуге болады? Әңгімелеп беріңдер.*



3-тапсырма. Досыңның жақсы жақтарын, оған тілейтін жақсы қасиеттер мен құндылықтарды естеріңе түсіре отырып, дәптерге досыңа тілек жаз.

4-тапсырма. Төменде берілген достық ережесін оқып, өздерің толықтырып жазыңдар.

Достық ережесі

- Жолдастарыңа көмектес. Қолыңнан келетін жақсы істі оларға да үйрет.
- Жолдастарыңмен өзіңе ұнайтын заттарыңмен бөліс.
- Егер жолдасың жаман қылық жасаса тоқтатып, дұрыс еместігін достық ниетпен айтып, түсіндір.
- Жанжалдасудан, сөз таластырудан аулақ бол. Тату бол, мақтанып кетпе.
- Жолдасыңның жетістігіне қуан.



Дана халқымыз «Досыңды көрсет, кім екеніңді айтайын» дейді. Сондықтан дос дегеніміз – сенің айнаң, екінші бейнең тәрізді.

Адам мен адам өз ниетіне, арман-тілегі, талғамы мен мақсатының ұқсастығы арқылы достасып кетеді.

Ағайынбыз бәріміз!



*Өлеңін жазған: Әнуарбек Дүйсенбиев
Әнін жазған: Малғаждар Әубәкіров*

Жақсылыққа, бақытқа,
Талпынған әр уақытта.
Бала біткен дос-бауыр,
Болмасын еш тосқауыл.

Қайырмасы:

Ақпыз, қара, сарымыз,
Ағайынбыз бәріміз!

Ортақ болсын асқар тау,
Жеміс толы бақша-бау.
Болсын жер мен су да ортақ,
Болсын бізге ту да ортақ!

Қайырмасы



23-24 сабақтар

ЖАҚСЫ КӨРУДІ ҮЙРЕНЕМІЗ



Кімде-кім жақсы көрсе, сол күшті.

Нақыл сөз

- *Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?*



Шынайы сүйіспеншілік

Лариса Кобзева

Костя үнемі анасына оны өте жақсы көретінін айтатын. Костя мен әкесі анасының туған күніне бір шоқ раушангүл сатып алды. Бала раушангүлдерді үйге әкеле жатып, қуанышпен әкесіне: «Әке, анама осы әдемі гүлдерді сыйлаған кезде біздің оны жақсы көретінімізді көреді!» – деді.

Үйге келген соң әкесі мен баласы анасына «Біз сені, өте жақсы көреміз!» деген сөздермен гүл шоғын сыйлады. Анасы осындай ықыластан бақытқа бөленіп, күні бойы жүзінен күлкі кетпеді. Костя да әкесімен бірге анасына осындай сүйіспеншілік танытқанына мәз-мейрам болды.

Ертеңіне Костяның ата-анасы қонаққа шақырылды. Кешкісін кетер алдында анасы Костядан қарындасына математикадан есеп шығаруға көмектесуін өтінді. Бұл кезде ол теледидардан өзінің сүйікті топтамасын көріп отырған болатын. Костя анасының өтінішін ести салысымен, ашуланып былай деді:

– Анашым, мен қазір Дашамен сабақ дайындай алмаймын! Көріп тұрсыз ғой, сүйікті топтамамын көріп отырмын!

– Балам, сосын кеш болады, және де Даша екеуіңе ұйықтау керек, – деді, анасы айтқанына көндірмекші болып.

– Анашым, бірақ мен бұл топтаманы жібере алмаймын, – деп, Костя қарсылық білдірді.

– Ал, кеше ғана мені өте жақсы көретініңді айтып едің... – деді, анасы мұңайып.

– Иә, жақсы көретінімді айттым, сондықтан гүл сыйладым! – деп растады Костя.



– Ал бүгін сен мені жақсы көрмейсің бе? – деп сұрады анасы кенеттен.

– Анашым, мен сені өте жақсы көремін. Оның бұған қатысы не? – деді Костя.

Осы арада әкесі сөзге араласты: «Костя, кеше анаңды жақсы көретініңді білдірмекші болып гүл сыйлағаның, әлбетте жақсы болды. Алайда гүл, сыйлық және сөз – бұлар біздің адамға деген сезіміміз бен ықыласымыз ғана. Сүйіспеншілік – бұл сөз бен сезім ғана емес. Егер сен біреуді жақсы көрсең, сөзбен емес іспен көрсетуің керек».

– Әке, ал мен сүйіспеншілігімді қалайша іспен көрсете аламын? – деді Костя.

– Егер сен, анаң екеуімізді шынымен жақсы көрсең, онда сен бізді тыңдап, әркез көмектесетін боласың. Ал онсыз сенің сүйіспеншілік туралы сөзіңнің ешбір мәні жоқ.

Әкесін мұқият тыңдаған Костя: «Әкешім, анашым, мен сендерді шынымен өте жақсы көремін. Егер осы топтаманы жіберіп алсам, ештеңе етпес. Сіздер қонаққа бара беріңіздер, мен Дашаға есеп шығаруға көмектесемін».

Осыны айтты да, Костя теледидарды өшіріп, қарындасына сабағына көмектесуге бет алды. Ал Костяның ата-анасы болса, ұлдарының шынайы сүйіспеншілік сөзбен емес, іспен көрінетінін түсінгеніне қуанды.



- Адам өз сүйіспеншілігін қалай білдіре алады?
- Бәріне сүйіспеншілікпен қарайтын адам, қандай адам? Әңгімелеп беріңдер.
- Жақындарыңа, достарыңа, айналадағы адамдарға сүйіспеншілігіңді іспен қалай көрсете аласыңдар?



1-тапсырма. Жасы кіші балаларды қалай қуантар едіңдер? Қарт адамдарға қандай сый-құрмет көрсетуге болады? Өз ойларыңды жазып көрсетіңдер.

2-тапсырма. Риясыз сүйіспеншіліктеріңді сахналап көрсетіңдер.

- туған-туыстарыңа;
- сыныптастарыңа;
- көршілеріңе;
- қонақтарға.



Шегіргүл мен Бәйшешек

Михаил Андрианов

Көктем келді. Алғашқы гүлдер көріне бастады. Бәйшешектің жанынан кішкентай өскін пайда болды. Ол әдемі күлгін түсті гүлге айналғанша күннен-күнге биіктеп өсе берді. Бұл Шегіргүл еді.

Ол ояна салысымен, жапырақтарын ашып, жан-жағына қарай бастады. Ол жанында тұрған керемет аппақ гүлді көрді.

– Сенің атың кім? – деп сұрады көршісінен.

Аппақ гүл жапырақтарын ашты. Ол Шегіргүлді көріп, сұлулығына таңғалды.

– Мен Бәйшешекпін, – деп жауап берді аппақ гүл.

– Сен қандай сұлусың, дос болайық! – деді тоқталмастан.

– Болайық! – деп келісті Шегіргүл. Осы сәттен бастап олар айырылмастай дос болды.

Бірде таңертең, күн шығып, гүлдерді оятпас бұрын, бір келеңсіз оқиға болды. Шегіргүл қайдағы бір қытырлаған, түсініксіз сыбдырдан оянып кетті. Бәйшешектің жанынан үлкен мешкей Жұлдызқұртты көрді, ол бәйшешектің жапырақтарының дәмін тату үшін өрмелеп барады екен.

– Не істесем екен? – деп ойлады Шегіргүл.

Ол Жұлдызқұртқа қарай иіліп, өз жапырақтарын тоса қойды. Жанына батып ауырды, бірақ Шегіргүл шыдап бақты. Мейлі, Жұлдызқұрт тезірек тойса, менің досыма тиіспес!

Бәйшешек оянған кезде Жұлдызқұрт жоқ еді. Ол Шегіргүлге бұрылып қарағанда жапырақтарының жартылай желінгенін көріп, шошып кетті.

– Сен неткен ұсқынсызсың, мүмкін ауырып қалған шығарсың, – деп сыбдырлады Бәйшешек. – Мен сенімен дос болғым келмейді.

Шегіргүл ешбір жауап қатпады. Өзінің қалған жапырақтарына қарап, қатты жылады.

– Не болғанын білмей-ақ қойсын, – деп ойлады ол, – осындай түріммен несіне оның көңіл күйін түсіремін.



Енді ол Бәйшешектің көзіне түспеуге тырысты. Бірде Бәйшешекке түрлі-түсті әдемі көбелек ұшып келді де, басынан кешкен оқиғасын айтып берді:

– Мен кешірім сұрау үшін бір Шегіргүлді іздеп жүрмін, – деді ол. – Бұрын мен әлі жұлдызқұрт кезімде, сол Шегіргүл өзінің досы үшін жапырақтарын құрбан етіп, менің тамағымды тойдырған еді. Бәйшешек, сен жапырақтары желінген Шегіргүлді көрмедің бе?

Сонда ғана Жұлдызқұрттан мұны құтқару үшін Шегіргүлдің жапырақтары мен сұлулығын құрбан еткенін Бәйшешек түсінді.

Ол Шегіргүлге бұрылып, мейірлене былай деді:

– Сүйікті Шегіргүл, өтінем, кешірші мені, мен сені сондай жақсы көремін!

Бұл сөздер Шегіргүлдің жүрегін жылытып, қуанышқа бөледі. Ол гүл жарып, бұрынғысынан да сұлуланып кетті.



- Шегіргүлден қандай қасиеттерді байқадыңдар?
- Қалай ойлайсыңдар, адам сүйіспеншіліксіз өмір сүре ала ма? Нәліктен?
- Сүйіспеншілік қандай ғажаптарды жасай алады? Мысалдар келтіріңдер.



3-тапсырма. Өздерің жақсы көретін адамдарға арнап сурет салыңдар.

4-тапсырма. Төменде ұсынылған сөйлемдерді жалғастырып жазыңдар.

Мен ата-анамды сүйемін, өйткені...

Мен отбасымды сүйемін, өйткені...

Мен Отанымды сүйемін, өйткені...

Мен мектебімді сүйемін, өйткені...

Мен табиғатты сүйемін, өйткені...

Мен әлемді сүйемін, өйткені...

5-тапсырма. Өнер туындыларына қараңдар. Суретшілер шығармаларында өз сүйіспеншіліктерін қалай білдірген? Өңгімелеп беріңдер.



М.Сатаров. Марқакөл көлі.



Е.Смурыгин. Түрген.



Сүйіспеншілік – бұл риясыз қызмет ету. Сүйіспеншілікті таза ой, ақ пейіл, күлімсіреу, жылы қабақ, жақсы сөз арқылы білдіруге болады.

Адам сүйіспеншілігін тек сөзімен ғана емес, ісімен білдіруі керек. Риясыз қызмет игілік, жақсылық үшін жасалады. Сүйіспеншілікті сезіну адам жанын шабыттандырады.

Білімді бекітуге арналған тестілеу

1-тест

Досың екеуің мектептен үйге қарай келе жатыр едіңдер. Алдарыңнан ересек балалар шығып дәрекілік көрсетіп, оның телефонын беруін талап етті? Сенің әрекетің:

- А) *Өзің ол жерден тез кетіп қалуға тырысасың.*
- Ә) *Ересек балалармен жағаласа кетесің.*
- Б) *Дауыстап адамдарды көмекке шақырасың.*

2-тест

Анаң сені тіс дәрігеріне апарған еді. Кезек күтуге тура келді. Бірақ, бір сағаттан кейін сенің шыдамың таусылды? Сенің әрекетің:

- А) *Үйге кетейік деп, анаңның мазасын аласың.*
- Ә) *Анам мен үшін келді ғой деп, шыдауға тырысасың.*
- Б) *Денсаулық туралы хабарландыруды оқып отырасың.*

3-тест

Сен адамдарға қандай жақсылық жасап жүрсің?

- А) *Мен әлі кішкентаймын.*
- Ә) *Барлығына жақсылық жасау менің міндетім емес.*
- Б) *Барлық адамдарға қолымнан келгенше жақсылық жасауға тырысамын.*

4-тест

Мектептен келе жатып, жолда әмиян жатқанын көрдің?
Сенің әрекетің:

А) Әмиянды алып, милицияға хабарлайсың.

Ә) Үйіңе апарып тығып қоясың.

Б) Әмиянды көрмегендей өтіп кетесің.

Құттықтаймын мама, туған күніңмен!



Өлеңін жазған: Мұқағали Мақатаев


Әнін жазған: Нұрғиса Тілендиев

Нұрын төккен маған,
Шуағымсың – сен!
Айналайын, мама,
Қуанышыңмен!
Шаттандырған мені,
Жұбанышым – сен!
Құттықтаймын сені,
Туған күніңмен!

Аялаған мені,
Ән қанатымен.
Құттықтаймын сені,
Салтанатыңмен!
Бақытты ғой заман,
Қандай көңілді!
Мен тілеймін саған,
Ұзақ өмірді!

IV тарау

ӘСЕМДІК ӘЛЕМІНДЕ



25-26 сабақтар

БІЗ ӨСІП ЖАТҚАН ӨЛКЕ



Отанды сүю отбасынан басталады.

Мақал

- *Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?*



Қарлығаш би

Ел аузынан

Жоңғар басқыншылары өрттей қаптап, қазақ жерін таптап, келе жатады. Қамсыз малын бағып отырған ел босып, үдере көшеді.



Сонда жалғыз-ақ бір үй түтінін түтетіп, отыра береді.

Жоңғар қоңтайшысы батырларына:

– Анау жалғыз үй неғып көшпей отыр, барып біліп келіңдер! – дейді. Келсе, ол Төле бидің үйі екен.

Жоңғар жігіттері ашуланып:

– Жұрттың бәрі көшіп кеткенде, сен кімсің, неғып отырсың?! – дейді.

Төле би оларға:

– Жігіттер, сабыр етіңдер! Алдымен кісіге сәлем берер болар. Әдет-дәстүрден бір сүрінген олар сәлем беріседі.

– Енді тыңдаңдар! – деп сөз бастайды Төле би.

– Шаңырағыма қарлығаш ұя салып еді. Сол құс қашан сарыауыз балапандарын қанаттандырғанша мен еш жаққа көшпеймін. Қарлығаш – қасиетті құс, адам баласының досы. Мен жау келді деп үйімді жығып, оның ұясын бұзып, балапандарын шырылдатар жайым жоқ! Хандарыңа осы сөзімді айтыңдар!

Жоңғар жігіттері барып Төле бидің осы сөзін айтса, Қоңтайшысы:

– Ол ақылды, мейірімді адам екен, оған тимеңдер, оның төңірегіндегі елін де қозғамаңдар! – депті.

Содан былай Төле би «Қарлығаш би» атанып кетіпті.



- *Төле бидің елінен, жерінен көшпей отыруына не себеп болды?*
- *Төле би ел-жұртын жаудан қалай қорғап қалды?*
- *Мәтіннен қазақ халқының бейбітшіліктің, тыныштықтың мекені болғанын көрсететін жерлерін тауып, баяндап беріңдер.*
- *Жауды Төле бидің қандай қасиеті кері шегіндірді?*
- *Елді, жерді қалай қорғап, көркейтуге болады деп ойлайсыңдар?*



1-тапсырма. Төмендегі қасиеттерді қатыстыра отырып, «Қазақстан – бейбітшілік бесігі!» тақырыбына шағын қойылым дайындап, сахналаңдар.

- ақ ниет;
- адалдық;
- азаматтық;
- бауырмалдық.

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып мақал-мәтелдерді аяқтаңдар.

- а) Отан елдің
 ә) Отан үшін ... – ерге тиген
 б) Ынтымақ түбі –

Тиісті сөздер: анасы, күрес, үлес, береке.



Бауыржан Момышұлы

...– Ешкім батыр болып тумайды. Басында бұлағы бар өзеннің ұзақ ағатыны секілді, өнегелі ата-ананың тәліміне сусындап – адалдық, еңбексүйгіштік, бауырмашылдық рухта ер жеткен бала мектеп, қоғам тәрбиесін де бойына жақсы сіңіреді. Мен бауырмалдық дегенді бірнеше рет қайталадым. Оның кең мағынасы халықаралық достық. Батырлықтың бір негізі осы бауырмалшылдықтан шығады. Ерлік аспаннан түспейді, ол Отанды сүюден туады. Ал Отанды сүю үй ішіңнен, отбасынан өседі.

Ата-ананы, апа-қарындасты, аға-ініні сыйлап құрметтеген адам халқының да қадіріне жетеді. Халқын қадірлеген сын сағаттан сүрінбей өтеді. Елін сүйген – ер атанады. Өйткені ерлік білекте емес, елін сүйе білген адал жүректе...

Ерлік – еліктеу емес. Есеппен ерлік жасалмайды. Ерліктің дайын рецепі жоқ.

... Қорықпайтын пенде болмайды. Жансыз темір емеспіз ғой, ой-түйсігі, сезгір жүйкесі бар, ет пен сүйектен жаратылған адамбыз. Қорқу табиғи сезім. Бірақ әңгіме онда емес, бұл жерде ең бастысы сол қорқынышты жеңе білу. Егер өзіңді-өзің жеңбесең жауды да жеңе алмайсың. Ол үшін намыс керек. Халқымның қасиетіне қара таңба бастырмаймын, елімнің еркіндігіне кісен салдырмаймын деген үлкен адамгершілік мағынадағы намыс болу қажет. Сол намыс аласапыран алпарыста бойыңа қуат беріп, жүрегіңе от тұтатады. Сондықтан «Елдің намысы – ердің туы, ер намысы – ел намысы» дейміз. Бұл біздің ата дәстүріміз.



- *Отанды сүю неліктен үй ішіңнен, отбасынан басталады деп ойлайсыңдар?*
- *Отанға сүйіспеншілікті қалай білдіруге болады?*
- *Мәтіндегі «Өзіңді-өзің жеңбесең жауды да жеңе алмайсың» деген ойды қалай түсінесіңдер?*
- *Қандай адам елін, жерін сүйіп, қорғап, көркейте алады?*
- *Өздерің Отанды қалай қорғап, көркейтесіңдер? Әңгімелеп беріңдер.*



3-тапсырма. «Таңдауымыз – тыныштық пен татулық» тақырыбында шығармашылық (эссе, коллаж, сурет) жұмыс жасаңдар.



Отан – әр адамның туып өскен жері.

Біздің Отанымыз – Қазақстан! Әрқайсымыздың Отан алдында парызымыз бар. Ол туып өскен өлкеңді сүю, аялау, құрметтеу, қадірлеу, оған адал қызмет ету. Отан алдындағы парызды сүйіспеншілікпен, үлкен жауапкершілікпен атқаруға міндеттіміз!

Отанымыздың өткенін қадірлеп, бүгінін ертеңіне жалғастыратын біздерміз!

Елімізді сүйеміз!



*Өлеңін жазған: Дүнгенбай Ботбаев
Сөзін жазған: Қадыр Мырза-Әли*

Бал-бұл жанған гүл шағында
Біз Отанның ұланымыз.
Бақытты елдің құшағында
Білім алу ұранымыз!

Қайырмасы:

Біз өнерге, ұлы өмірге,
Гүл өмірге иеміз!
Көгімізді, көлімізді,
Елімізді сүйеміз!

Туған жерде аунап-қунар,
Біз ұланбыз, өрімдейміз!
Біз ұланбыз еңбекқұмар,
Өнер десе ерінбейміз!

Қайырмасы.

Қуанышты әніміз де,
Біз ұланбыз жоқ арманы!
Біздер әлі бәріміз де,
Боламыз ел қаһарманы!



27-28 сабақтар

ТУҒАН ӨЛКЕНІҢ ТАБИҒАТЫН САҚТАУДЫ ҮЙРЕНЕМІЗ



Адам – табиғаттың бір бөлшегі.

Халық даналығы

- *Дәйексөздің мағынасын түсініп оқып, жаттап алыңдар.*



Үзілген гүл

Кеңес Оразбекұлы

Бүгін Жамал апай табиғат туралы, оның адам үшін маңызы жөнінде әңгімелеген.

Гүлмінез сабақтан келе салысымен асханадан пышақ пен шыны ыдыс алып, үй сыртындағы қыратқа шығып кетті.

Біраздан кейін жүзі гүл-гүл жайнап, қайтып оралды. Қолындағы шыны ыдысқа қырдың ақ гүлдерін толтырып жинаған еді. Оларды бақша ішіндегі гүл егетін алаңға апарып отырғыза бастады.

Осы кезде үйден шешесі шықты. Қызын бақша ішінен көрді де, жанына келді.

– Қарашы, апа! Мына әдемі бәйшешектерді адырдан қазып алдым. Біздің Жамал апай айтты: «Табиғатты қорғау керек» деп...

– Сен, оларды қорғаудың орнына, өсіп тұрған жерінен үзіп әкелдің ғой.

– Иә, міне, қарасаңызшы, тамырлары бар. Қайтадан отырғызып жатырмын. Мен бұларға күнде су құйып күтетін болам. Әйтпесе, далада оларға ешкім қарамайды. Жазға жетпей құрап қалатыны содан...

Шешесі мырс етіп күліп жіберді де, бірден салмақты күйге ауысып:



– Сен, дұрыс жасамадың, Гүлмінез, – дейді.

– Табиғатта не нәрсенің болса да өз орны, заңдылығы бар. Бұл бәйшешектер – көктемнің хабаршысы. Ерте гүлдейтіні содан. Бұлар құрағанымен, орнын басқа гүлдер басады. Сонысымен де адамға қымбат. Мына гүлдер қай жерде гүлдесе, сол жерде ұрық шашып, ендігі жылы тағы өніп шығар еді. Ал сен оларды білместікпен зорлап әкелдің. Егер Жамал апайыңнан: «Табиғатты қалай қорғаймыз?», – деп сұрап алғаныңда, бұл іс болмас еді.

Гүлмінездің жүзі қызарып, төмен қарады. Шешесі қызының шашынан сипап:

– Бұларды енді осы орнынан қозғамай-ақ қой. Екінші рет қателік жасамауға тырыс. Жүр үйге, тамақ суып қалды, – дейді.

Ол ілбіп басып, шешесінің соңынан ерді. Сөйтсе де, оның санасында «Табиғатты қалай қорғаймыз?» деген сауал жаңғырықтай боп тағы да қайталанды. Осыны келесі сабақта апайынан сұрап алуға бекінді.



- *Неліктен анасы қызына «Табиғатта не нәрсенің болса да өз орны, заңдылығы бар» – деді?*
- *Табиғаттың сұлулығын қалай сипаттап берер едіңдер?*
- *Табиғаттың сұлулығын сақтап қалу үшін қандай іс-шаралар өткізуге болады?*
- *Өзің табиғатқа қандай жақсылық жасап жүрсің?*
- *Өзіңді табиғаттың қандай бөлігіне ұқсатасың? Неліктен?*



1-тапсырма. Суреттерге назар аударындар. Суреттегі жағдайларды қалай жақсартуға болады? Әңгімелеп беріңдер.





2-тапсырма. Төменде берілген шығармашылық иелерінен өзіңе біреуін таңдап алып, табиғатты суреттендер.

Суретші, жазушы, ақын.



Ақбөкен киелі жануар

Көлбай Адырбекұлы

Бұл туралы ел ішінде аңыз әңгіме көп. Бала кезімізде ауылдың көпті көрген, көп жайды көкейлеріне түйген қариялардан қызыға тыңдаушы едік. Әлі есімде 1969 жылдың қысы қатты болды. Мал тебініп жайылудан қалды. Ықтап кеткені қаншама. Біз шопандарға көмекке барғанбыз.

Бір жолы орталық базардан екі арба шөп әкелінді. Қораның ығына шөп шашып, қамаудағы қойды шығардық. Ашыққан қойлар қойсын ба, шөпке бас салып, күрт-күрт шайнап жатыр. Әлден соң бір үйір ақбөкен сау ете қалды. Әбден аштық пен суық қысқан болу керек, бізден сескенбей қалың қойдың арасына кіріп, шөпке бас қойды. Шопанның ұлы қолдарын шарт еткізіп: «Әп, бәрекелді! Жерден іздегеніміз көктен түсті. Екі-үшеуін атып, бүгін тәтті еті мен сорпасына қанайық» – деп кіріп кетті де, қосауызды мылтығын алып шықты. Ақбөкендер кермек иісі бұрқыраған шөптен бас көтерер емес. Мұны көрген әкесі: «Балам, паналап келген жануарды атуға болмайды. Шөп жеп әлденіп алсын. Бұлар даламыздың сәні ғой» – деді.

Сонда, ұлы: «Көке, біз атып алмағанмен бәрібір бұлар қасқырларға жем болады. Қарға омбылап тұрғандарын жыртқыштар аяйды дейсіз бе?» – деді.

Сонда қария:

«Солай болуы да мүмкін, балам. Жыртқыш аң жыртқыштығын істейді. Бұл табиғаттың қатал заңы. Ал

адамда аяушылық сезімі болуы керек! Ақбөкендер киелі жануар» – деді.



- Неліктен ақбөкендер ауылға басып кірді?
- Табиғаттағы заңдылық неге бұзылды?
- Мәтіндегі «Жыртқыш аң жыртқыштығын істейді. Бұл табиғаттың қатал заңы. Ал адамда аяушылық сезімі болуы керек» деген ойды қалай түсінесіңдер?
- Өздерің табиғатқа қандай қамқорлық жасап жүрсіңдер?



3-тапсырма. Төменде берілген суреттердегі табиғат денелерінен қандай жақсы қасиеттерді үйренуге болатынын тауып, дәптерге жазыңдар.





4-тапсырма. Берілген суреттерді пайдалана отырып, сөзжұмбақты дұрыс шешсеңдер, ерекше торкөзден жақсы қасиетті оқуға болады.



1

2

3

4

5

6

7

8

9





Адам – табиғаттың бір бөлшегі. Табиғатта бәрі сұлу және үйлесімді. Оны сезіне білген адам ешнәрсеге қиянат жасамайды. Байқай білгенге табиғаттағы барлық заттар мен құбылыстар сабақ бола алады. Біз табиғаттан мейірімділікті, риясыздықты, жомарттықты, даналықты үйренеміз.



Әдемі

*Өлеңін жазған: Ақылбек Шаяхметов
Әнін жазған: Ғұсман Наурызбаев*

Күн сәулесі төгілгені әдемі,
Кемпірқосақ керілгені әдемі.
Көк шалғында асыр салып жүргенде,
Көк көбелек көрінеді әдемі.

Жас шыбықтың бүр ашқаны әдемі,
Алма ағаштың гүл ашқаны әдемі.
Қариялар жол үстінде кездесіп,
Амандықты сұрасқаны әдемі.

Бұлбұл құстың сайрағаны әдемі,
Қозы-лақтың ойнағаны әдемі.
Ақ боз атын ерттеп мініп атамның,
Қойды өріске айдағаны әдемі.

29-30 сабақтар

БІЗ ӨМІР СҮРІП ЖАТҚАН ЕЛ



Ынтымақ түбі – береке.

Нақыл сөз

- *Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?*



Бір атаның балалары (Үзінді)

Мұхтар Мағауин

– Ал, ағайын, тегіс жиналсаң, сөзіме құлақ сал! – деді басқарма. Үкімет біздің ауданның тоғыз колхозына елу төрт бала жіберген екен. Жер аяғы шалғай, мен барғанша ересектерін бөлісіп әкетіпті, ең ұсағынан таңдап алдым.

Жұрт дабырлап кетті.

– Жүріңдер, айналайындар, бері жүріңдер.

Аппақ қаздың бауырынан тұрған сары үрпек балапандай, шашы сап-сары бала көрінді. Жұрттың дабыры пышақ кескендей тыйылды. Артынша бірінің соңынан бірі тізіліп, қара шашты, қоңыр шашты, жирен шашты балалар өріп шыға бастады.

Дәуренбек ернін жыбырлатып, ішінен оқып аз бөгелді.

– Басекең дұрыс айтады, баланың саны алтау, – деді содан соң: – Стройдың басында тұрған екеу – қазақ балалары, үлкені сегізде, кішісі алтыда, мынауы – Нартай, анаусы – Ертай, екеуі ағайынды. Бұлардан соң татар баласы, аты Рәшит, жетіде. Көзі сығырайған жалпақ бет, тақыр бас қара – қыз бала, қалмақ, я дүңген, жасы алтыда. Қасындағысының аты Яков, тоғызда, документте орыс деп жазылған; қайдан кеп, қайдан тұрғаны белгісіз, әрі мылқау.

Ең соңындағы – жаңа алдымен шыққан жетіде. Сіздерден жасыратын несі бар, неміс.

– Мен бәрін де айттым, – деді Дәуренбек. – Басеке, сөз өзіңіздікі.

– Сөз дейтін не сөз бар, біз баладан айырылсақ, мына алдарыңда тұрған – атадан айырылған жетімдер. Екі жарты – бір бүтін... Дауысы жарықшақтанып, мұрты селтендеп, бұдан ары сөйлей алмады.



Ат үстінде тұрған Ахмет шал қарына қыстырған құрығын лақтырып тастап, жерге ырғып түсті. Қимылы ширақ.

– Таңдаған балаңызды алыңыз.

Ахмет балаларды жағалай шолып шықты. Кезек-кезек маңдайларынан сүйді. Содан соң балаларды жағалай бастарынан сипап өтті де, ең шетте тұрған неміс баласының қолынан ұстады.

– Мен осы мықтының өзін қаладым.

Жұрт ду ете түсті.

– Еркіңіз білсін, – деді басқарма.

– Баланың аты кім? – деді Ахаң Дәуренбекке қарап.

– «Жауды аяған жаралы» дегенді білмеуші ме едіңіз? – деді Дәуренбек ызбармен.

– Қой, шырағым, – деді Ахмет. – Неміске сен үш саусағыңды берсең, мен үш ұлымды бергем. Мына жұртты бөгемей, баламның атын айт.

– Зигфрид Вольфганг Вагнер. Қарық болдыңыз, – деді Дәуренбек мырс етіп.

– Зекпри Болыпкен... Қалай, қалай?

– Зигфрид Вольфганг Вагнер.

– Е, жөн-ақ, – деді Ахмет ақсақал. – Келісті жақсы ат екен. Айналайын, жүр, үйге кеттік. Апаң күтіп отыр, жүр үйге.

Кешіне Ахаң бүкіл ауылды баласының асық жілік ұстар тойына шақырды.



- Ахмет ақсақал неліктен неміс баласын таңдады?
- Ахмет ақсақалдың бойындағы басты қасиеті қандай?
- Қалай ойлайсыңдар, Зигфридті қандай өмір күтіп тұр?
- Адамдарды не біріктіреді?



1-тапсырма. Суретке қарап, «Тату доспыз бәріміз!» тақырыбында әңгіме құрастырыңдар. «Халықтар достығы» эмблемасының суретін салыңдар.



Біз бәріміз бірдейміз



*Анжелика Карабутова
Аударған Рабиға Ізғұттынова*

Жақында біздің сыныпқа жаңа оқушы келді. Есімі – Майкл. Оның ата-анасы біздің елге жұмыс бабымен көшіп келіпті. Онда тұрған не бар дерсіз, алайда олай емес. Ол африка тектес ресейлік.

Қазақстан үшін біртүрлі естілетін шығар, ал Семей қаласы үшін бұл – Жалын құс көргендей.

Ол біздің сыныпқа келгенде, бәрі үн-түнсіз қалды. Кейбірі оны саусағымен көрсетіп, шиқылдап күліп те алды. Ешкім онымен парталас болғысы келмеді. Тек Нұрай ғана: «Менің жаныма отыр» – деді. Оның бұл шешіміне бәріміз таңғалдық.

– Мұның не? – деді Алмас – ол қап-қара емес пе, былғанасың ғой!

– Онда тұрған ештеңе жоқ! Тек жаман ойдан ғана былғанасың! – деп қарсыласты Нұрай.

– Онымен қалай араласамыз, ол бізге мүлдем ұқсамайды ғой, – деді Алмас қоймастан.

Нұрай ойланбастан жауап берді:

– Біздің теріміздің түсі, шашымыздың түсі қандай екені маңызды емес, бастысы, біз – Жер-ананың баласымыз және біз бәріміз бірдейміз! Ал Майкл біздің Қазақстанға келген екен, ол енді біздің бауырымыз. Бізбен бірге тұратындардың бәрі – бізге бауыр!

Бір ай өтті. Майкл аса қабілетті бала болып шықты. Сабақты жақсы оқиды, спортпен айналысады, жүгіруден бәрінен озады. Ал ең бастысы – ол нағыз дос. Теріңнің түсі емес, қандай адам болғаның маңызды екенін біздің сыныптағылар түсінді.



- «Біз бәріміз бірдейміз» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Адамның бойындағы басты нәрсе не?
- Сендердің өмірлеріңде басқа адамға достық қолын созған жағдай кездесті ме? Ондайда не сезіндіңдер?



2-тапсырма. Отанымызға арнап сыйлық әзірлеңдер. Түрлі-түсті қағазға қолдарыңды салып, қиып алыңдар. Қиылған қолдың суретінен «Достық гүлдестесін» жасаңдар.





Біздің Отанымыз – көп ұлтты ел. Қазақстанда түрлі мәдениеттегі ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүруде. Олардың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін сыйлаймыз, құрметтейміз.

Еліміздегі көпұлтты халықтардың татулығы, ынтымақтастығы, бейбітшілігі біздің ең басты байлығымыз. Қазақстан – ынтымағы жарасқан ел.



Отан

Өлеңін жазған: Нұрсұлтан Әлімқұлов

Әнін жазған: Ибрагим Нүсіпбаев

Туған Отан, дәулетің асқан,
Бақыт нұры сәулесін шашқан.
Асыл ана мейірі жылы,
Еркелесем кеудесін ашқан.

Қайырмасы:

Keң алқапты желпісін желің,
Байлық тасып, шалқысын көлің.
Байтақ жатқан алыпсың өзің,
Отан-ана, бақытты елім!

Майда ескен таң самалыңмен,
Keуде шіреп тамсанамын мен.
Туған Отан, сүйемін сені
Keудемдегі барша жалынмен.

Қайырмасы.

31-32 сабақтар

ӘСЕМДІК ӘЛЕМІНДЕ



Дүниені түзеткің келсе, әуелі өзің түзел.

Ақселеу Сейдімбек



Ел аузынан

Данышпаннан сұрапты:

– Дүние қайдан басталады?

– Сенің екі көзіңнен, – дейді данагөй.

Менің көзім тек жақсылықты көргей! Өйткені, жамандық өзін-өзі көрсетеді.

Табиғат жердегінің бәріне көз сыйлаған. Көздің міндеті – көру, мәселе нені, қалай көруде – өмірдің терең мәні осы.

Кейбіреуге от – дүниенің тіреуі, енді біреуге – дүниенің жұты...

Бір ғана нәрсе талассыз: мынау әлемге, өмірге, адамдарға жақсылық көзімен ғана қарау керек.



- *Адам тек қана жақсылықты көруге қалай үйренеді?*
- *Көз тек қана жақсыны көргенде әлемде не болады деп ойлайсыңдар?*
- *Көзді жақсыны көруге итермелейтін адамның қандай құндылықтары мен қасиеттерін білесіңдер?*
- *Мәтіннен қандай ой түйдіңдер?*
- *Сенің көзің әдетте қандай нәрселерді тезірек көреді? Неліктен?*
- *Сен дәл қазір қандай жақсылықты, жақсы нәрсені көріп тұрсың?*



1-тапсырма. Суреттерге қарандар, ондағы ғажайыптың себебін түсіндіріп, «Жақсылық жалғасын табады» немесе «Кішкентайға немқұрайды қарама» тақырыбында әңгіме жазыңдар.



2-тапсырма. Жағдаятты шешіңдер.

Сыныпта енді ғана орнатқан желдеткіштің тұтқасын байқаусызда сындырып алдың. Айналаңда өзіңнен басқа ешкім жоқ.

Сенің әрекетің?



Патшаның қызы неге бақытсыз?..

Өсиет әңгіме

Ертеде патшаның екі қызы болыпты. Патша екі қызын да жақсы көріп, қолынан келгенше оларды жақсы тәрбиелеуге тырысыпты. Дегенмен де, екі қыз өсе келе мінездері өзгере бастапты.

Бір күні білімді бір адам патшаға қонаққа келіпті. Патшаның көңілсіз түрін көріп, себебін сұрапты.

Патша: «Е-е-е... сұрама, күлмейтін бір қызым бар, не болғанын ешкім білмейді», – дейді.

– Патшам, рұқсат етсең, сарайыңызға қонақ болайын. Мүмкін қызыңыздың қайғысының себебін табармын, – дейді жолаушы. Патша қуана рұқсат етіпті.

Сол күннен бастап саяхатшы екі қызды патша рұқсатымен жасырын аңди бастапты. Қараса екеуі түнде жатар алдында жастықтарының астынан бір дәптер шығарып, бір нәрселер жазып, таңертең жазғандарын оқып, орындарынан тұрады екен. Саяхатшы бір күні қыздар ұйықтағаннан кейін дәптерлерін алып оқыса, кіші қыз жақсылықтарды, ал үлкен қыз тек болмашы әділетсіздіктерді жазыпты.

Ертеңінде саяхатшы кіші қыздан рұқсат алып, оның дәптерін үлкен қыздың жастығының астына қояды. Таң атысымен патшаның үлкен қызы жастық астынан дәптерді алып оқыпты. Сарайдағылар екеуіне де бірдей қарағандықтан ол дәптерде жазылғандарды жатырқамапты. Ол жасалған

жақсылықтар есіне түсісімен жүзі жадырап, қуанғаннан ән сала бастапты.

Патша үлкен қызының қуанғанын көріп, өз құлағы мен көзіне өзі сенбепті. Бірден саяхатшыны шақырып, мұның себебін сұрапты. Саяхатшы: «Патшам, өмір айна сияқты. Оның жақсы жақтарын ойласақ, бізге әдемі көрінер. Сіздің үлкен қызыңыз өмірінің жаман жақтарын ойлағаны үшін өзін бақытсыз сезінген», – депті.

Патша үлкен қызын шақырып, оған енді дәптеріне тек жақсылықтарды ғана жазуға кеңес беріпті.

Сол күннен бастап, патшаның екі қызы да шат-шадыман, бақытты өмір сүріпті.



- *Кіші қыздың бақытының сыры неде?*
- *Мәтіндегі «Өмір айна сияқты» деген ойды қалай түсінесіңдер?*
- *Үлкен қызға қандай құндылықтар мен қасиеттер тілер едіңдер?*
- *«Өмірде не іздесең, соны табасың» дегенге сенесіңдер ме? Неліктен?*
- *Өзің өмірден көбінесе қандай қасиеттерді, жағдайларды іздейсің? Сол кезде ішкі жан дүниенің қандай болады?*

3-тапсырма. Жағдаятты оқып, сұрақтарға жауап беріңдер.

Атасы мен немересі саябақ ішімен келе жатты. Олардың алдынан шалшық су кездесті. Немересі оның иісінің жаман екенін айтып, атасына басқа жолмен жүруді ұсынды.

Атасы: «Балам, өмірде жаман нәрсе жоқ, тек қана оған сенің қалай қарағаныңда, сенің оған деген қатынасыңда», – деді.

Алайда немересі атасының сөзін түсінбей ойланып қалды...

- Сендер немересіне жағдайды қалай түсіндірер едіңдер?
- Өздерің жақсы нәрсені қайдан, қалай іздейсіңдер?



4-тапсырма. Суреттерге қараңдар, балалардың іс-әрекеттерін талқылаңдар. Олардың әрекеті дұрыс болуы үшін қандай кеңес берер едіңдер.





Біз күнделікті өмірде ар-ұятымызға сүйенсек, онда біздің ісіміз дұрыс әрекет болады.

Басқалардың бізге жақсы қатынас жасағанын қаласақ, өзімізде оларға сүйіспеншілікпен, сыйластықпен, құрметпен қарауымыз керек.

Әрбір ісімізде бастаушымыз – шындық, қолдаушымыз – сүйіспеншілік болып, ешкімге, ешнәрсеге қиянат жасамасақ, онда біздің жан дүниеміз тыныш болады.

Әрқашан күн сөнбесін!



Өлеңін жазған: Лев Ошанин

Әнін жазған: Александр Островский.

Аударғандар: Ізтай Мәмбетов,

Қабдікәрім Ыдырысов

Күн әдемі, көк әлемі,
Бұл – суреті жас баланың.
Ақ қағазға салған ізі,
Қалдырған бұл сөзі:

Қайырмасы:

Әрқашан күн сөнбесін!
Аспаннан бұлт төнбесін!
Қасымда болсын мамам,
Болайын мен де аман.



33-34 сабақтар

БАЛАЛЫҚ ШАҚ МЕЙРАМЫ



Өзіңе тілемегенді өзгеге де тілеме.

Халық нақылы

- *Нақыл сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?*



Екі дос

Аңыз әңгіме

Бір ауылда Арман және Сауран деген екі дос тұрыпты. Бір күні олар бірге отырып, ұлы ерліктер жасау туралы армандайды, соның арқасында есімдеріміз ғасырлар бойы



жоғалмайды деп отырғанда, көрші сырқат әрі қартаң әйел оларға су әкеп беруін өтінеді.

– Арман: «Маңызды іспен айналысып отырмын, ұсақ-түйекпен айналысуға уақытым жоқ!» – дейді. Ал Сауран болса, үнсіз орнынан тұрады да, су әкеліп береді. Осыдан соң көмек беру үшін күнде кедей әйелдің үйіне баратын болыпты.

Тағы бірде достар төбе басында отырса, оларға қайыршы қария келеді де олардан тамақ сұрайды.

– «Бөгет жасама», – дейді оған Арман.

– «Сен бар болғаны қайыршы қариясың, ал мен болсам, жарық дүниедегі адамдардың бәрін қалай тамақтандыруды ойлап отырмын».

Ал оның досы болса, сол жерде орнынан тұрып, киіз үйден күлше нан әкеліп береді. Қария Сауранға алғысын айтады да, былай дейді:

– Қалтасы тесік жан ғана қайыршы емес. Кімнің жан дүниесі бос болса – сол қайыршы. Өзі туралы осылай ойлаған адам ұлы емес, айналасындағыларға көп жақсылық жасаған адам ғана ұлы бола алады.

Сірә, Арман сияқты жігіт қайдағы бір қаңғыбастың сөзін тындаушы ма еді? Он күн бойы қайткенде жақсы және ұлы адам болатыны, қайырымдылығы мен қамқорлығына қалай алғыс білдіретіні жайында айтумен болды. Ал Сауранның бос сөйлеп уақыт кетіруге мұршасы болмады. Ол қарттар мен ауруларға көмектесті, әлсіздерді жұбатты.

Уақыт өтіп жатты. Достардың біреуі мылжың, сараң болды. Ал екіншісі өзінің жастығына қарамастан, ауылдағы ең сыйлы адамдардың бірі болды. Қайырымды да, ақылды жас жігіттің даңқы алысқа тарады. Адамдар тіпті оның құрметіне орай бір тауды соның атымен атаған дейді. Ал екіншісі туралы ешкімнің еске алмағанына көп уақыт өтіпті.



- «Кішкентай істің де қайыры бар» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Ой, сөз бен іс ізгі болмай, арасында байланыс болмаса адамның өмірі қандай болады? Неліктен?
- Үлкен істер неліктен кішкентай істен басталады? Кішкентай істерге неліктен немқұрайды қарауға болмайды?
- Адам ізгі, қайырымды болуы үшін бойында қандай құндылықтар ашылуы керек?
- Сауранның атының мәңгілік болуының сыры неде?
- Өздерің «жақсы аттарыңды» неден, қандай қадамнан бастар едіңдер?
- Өз есіміңнің мәңгі ел есінде сақталуы үшін не істер едің?



1-тапсырма. «Адамның сөзіне емес ісіне, сыртына емес ішіне қара!» деген тақырыпта жағдаят ойластырып, сахналап беріңдер.

2-тапсырма. Осы оқу жылында «Жақсылыққа барар жолдарың қандай болды?» әңгімелеп беріңдер, презентацияларыңды жариялаңдар.



«Рақметті» не үшін айтады?

Василий Сухомлинский

Орман ішіндегі жолмен атасы мен немересі келе жатты. Күн ыстық еді, олар шөлдеді. Жолаушылар бұлаққа жақындап келді. Бұлақ сылдырап ағып жатты. Олар еңкейіп шөлдерін қандырды.

– Рақмет саған, бұлақ, – деді атасы. Ұлы күліп жіберді.

– Ата, сіз неге бұлаққа рақмет деп айттыңыз, ол бұлақ тірі емес қой, ол естімейді, сіздің алғысыңызды түсінбейді ғой, – деп таң қалады. Сонда атасы былай дейді:

– Егер қасқыр бұлақтан келіп су ішсе, ол рақмет деп айтпас еді, ал біз қасқыр емеспіз ғой. **Біз – адамдармыз.**



Сен білесің бе, адамдар не үшін рақмет деп айтады. Ойлан, бұл сөз кімге керек.

Немересі ойланып қалды. Оның ойланатын уақыты көп, өйткені жол ұзақ еді.



- Атасына айнала қоршаған ортаға ризашылық білдіртіп тұрған не нәрсе?
- Табиғаттың алғысты, ризашылықты түсінетінін немен дәлелдейсің?
- Атасының «Біз – адамдармыз» деген сөзін қалай түсіндірер едіңдер?

- Сен өзің адам ретінде айнала қоршаған ортаға не істей аласың?
- Өзің жиі рақмет айтасың ба? Жоқ, саған рақмет айта ма?
- Дәл қазір өз ризашылығыңды кімге және неге білдірер едің? Неліктен?



3-тапсырма. Осы оқу жылында «Жақсылыққа барар жолдарың қандай болды?» презентацияларыңды әрі қарай жалғастырыңдар.



...Кімде кім өзін сүйсе, туысқандарын сүйсе, өз елін сүйсе, әсіресе, адам баласын бауырым деп білсе, сол адамды ізгі деп атаймыз.

Мағжан Жұмабаев

Білімді бекітуге арналған тестілеу

1-тест

Көшеде көрші баланың ағаш бұтағын сындырып жатқанын көрдің? Сенің әрекетің:

А) Қасына барып, оған түсіндіруге тырысасың.

Ә) Орнына ағаш егу керек деп, тамырымен жұлып тастайсың.

Б) Баланың ата-анасына айтып, бұтақты таңып қоясың.

2-тест

Мектепке кіріп бара жатып, мұқабасында елтаңба бейнеленген күнделіктің жатқанын көрдің? Сенің әрекетің:

А) Жәй қарап өтіп кетесің.

Ә) Бірден жерден алып, иесін іздестіресің.

Б) Не істеу керектігін ойлайсың.

3-тест

Сыныптастарыңмен бірге сенбілікке шықтың. Мектеп ауласындағы қоқыстарды жинап жатып, жолдың арғы бетінде бір атаның отыра кеткенін байқадың? Сенің әрекетің:

- А) Жүгіріп барып, мұғалімге айтасың.
- Ә) Достарыңмен бірге көмектесуге барасың.
- Б) Жай отырған болар деп, назар аудармайсың.

4-тест

Сен, өзіңді қай кезде бақыттымын деп ойлайсың?

- А) Адамдарға қуаныш сыйлағанда.
- Ә) Ата-анаң қалаған затыңды әпергенде.
- Б) Жақсы баға алғанда.

Бақытты балалық шақ



Өлеңін жазған: Ж. Тұрбеков

Әнін жазған: Әбілахат Еспаев

Жарастықпен жайнатып өмір көркін,
Гүл-бақшада сайрандап өскен еркін.
Шат көңілді, бақытты ел ұланымыз,
Келешекте ұлы істі меңгеретін.

Отанымыз әлпештеп анадайын,
Құшақтайды аялап сағат сайын.
Зәулім мектеп, кең сарай, түрлі алаң,
Не керектің біз үшін бәрі дайын.

Білім шыңын өрлейміз басып алға,
Қиындық жоқ, бөгеліс жолымызда.
Салтанатпен сап түзеп, ән шырқаймыз,
Көк туымыз желбіреп қолымызда.



АТА-АНАЛАРМЕН БІРГЕ ОҚУҒА ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

Не тәтті?

Ел аузынан

Жиренше шешен бір күні жолда келе жатып алдынан кездескен бір баладан:

– Дүниеде не тәтті, балам? – деп сұрайды.

Сонда бала:

– Бал тәтті, – деген екен.

– Ал жұмсақта не жұмсақ?

– Мамық жұмсақ.

Бұл баланың жауабын тыңдап тұрған екінші бала: «Осы сұрақтарыңызға мен жауап беріп көрейін, рұқсат етіңіз», – деп өтінеді.

– Ал айта ғойшы, балам, не тәтті? – дейді Жиренше шешен.

– Ананың сүті, – деп жауап беріпті бала.

– Не жұмсақ? – деп сұрағанда:

– Ананың алақаны! – деген екен.

Шешен екінші баланың жауабына риза болып, батасын беріпті.

Ең аялы алақан

Василий Сухомлинский

Кішкентай қыз апасымен үлкен қалаға келді. Олар базарға қыдырып барды. Анасы қызының қолынан ұстап келе жатқан болатын. Бір кезде қызық бір нәрсені көріп, қуанғаннан қолын шапалақтап жіберіп еді, бір топ адамның ішінен адасып қалды.

– Анашым! Менің апам қайда?

Адамдар қызды қоршап алып сұрай бастады.

– Сенің атың кім?

– Оля.

– Анаңның аты кім? Айтшы біз қазір іздеп табамыз.

– Анамның аты Апа ... апашым.

Адамдар күліп жіберді.

– Айтшы тағы да, анашыңның көзі қандай? Қара, көк, көкшіл?

– Көздері өте мейірімді.

– Шашы, шашы қандай? Қара, сары?

– Шашы өте сұлу.

Адамдар күлімдеп сұрай бастады.

– Ал қолдары қандай? Қолдарында қалы бар ма еді? Есіңе түсірші.

– Қолдары ең аялы.

Бір кезде радиодан хабарландыру берілді: «Қыз адасып кетті. Ол қыздың анасының көзі өте мейірімді, ең сұлу шашы бар, ең аялы алақаны бар».

Сөйтіп, апасы тез табылды.

Әже мен немере

Ел аузынан

Белі бүгіліп, бойындағы бар күшін тауысқан қарт әже еңкейе басып жүріп келеді. Мұны көріп, алдынан жүгіріп шыққан немересі:

– Әже, әже, айтшы, не іздеп жүрсіз? Бір нәрсе жоғалтып алдыңыз ба? – деді.

– Иә, балам! Жастығымды жоғалтып алып, соны іздеп жүрмін, – деп әжесі жерге еңкейе түсті.

Сонда немересі қарсы алдына келіп тұра қалды:

– Жоғалтқаныңыз алдыңызда тұр ғой, әже!

– О, құлыным!... Менің жастық шағым сен екенсің ғой, – деп мейірлене бетінен сүйді әжесі.

Анам маған...

Мұқағали Мақатаев

Анам маған: «Үлкенді сыйла», – деген,
Сол сөз маған ізгілік құйған ерен.
Үлкендерден ауысқан кішілікті
Үлкендердің өзіне сыйға берем.

Атамнан қалған мұра – ізеттілік,
Арымды соған қойған күзеттіріп.
Адалдық – менің сәби Айбарым ғой
Маңдайынан жүргені жүз өптіріп.

Отан

Мұқағали Мақатаев

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем.
Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
Бәрі маған: «Отан!» деп сыбырлаған.
Жаным менің, Кеудемді жарып шық та,
Бозторғайы бол оның шырылдаған!
Отан! Отан! Бәрінен биік екен.
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем...

Ақтиін мен қасқыр

Мысал

Ақтиін бұтақтан-бұтаққа қарғып жүріп, ұйықтап жатқан қасқырдың үстіне құлайды. Қасқыр қарғып тұрып, оны жегісі келеді.

Ақтиін жалынып:

– Мені жеме жібер! – дейді.

– Жарайды, жіберейін, бірақ сен маған айт: неліктен сендер әр уақытта шат болып, қуанып жүресіңдер?

– Мені жіберіңіз, сонан соң айтайын, әйтпесе жүрегім дірілдеп сөйлей алатын емеспін, – дейді. Қасқыр ақтиінді босатады. Ақтиін ағаш басына шығып алып:

– Сен, қасқыр, ешкімге жақсылық жасамайсың, жамандық ойлап, өзгелерді режітіп жүресің. Сондықтан әрқашан көңілсіз жүресің.

– Біз жақсылық жасаймыз, сол үшін әр уақытта шат, көңілді жүреміз, – депті.

Бақыт деген не?

Нұрғали Қадырбаев

Бақыт, Серік, Ербол – бір көшенің тұрғындары. Үшеуі бірге оқиды. Сабақ беретін апайын бәрі де жақсы көреді. Бірде апайы адам есімдерінің мәні жөнінде тәрбие сағатын өткізді.

– Ербол есімі – азамат бол, ер жігіт бол деген мағынаны білдіреді, – деді апайы.

– Ал, Серік атауы – дүниеге келген перзентке серік болсын деген ниеттен туған, – деді.

– Бақыт деген ше? – деді Бақыт қызыққанын жасыра алмай.

– Бақыт – бұл әр баланың ой-арманының орындалуы. Қуанышты күй кешуі. Сол ниеті іске асса, бақытқа қолы жеткені. Әркімде арман да, ой да көп. Сондықтан, бақыт та сан алуан, – деді апайы.

Бақыт үйіне келді. Атасынан:

– Ата, бақыт деген не? – деп сұрады.

– Сенің аман-сау жүргенің – мен үшін бақыт, айналайын. Бақыттың үлкені – осы.

– Апай: «Бақыт деген әр баланың ой-арманының орындалуы», деді. Менің арманым – сіздің жасыңыз жүзге жеткенін көру, – деді Бақыт.

– Арманыңа жет, – деді атасы немересінің шын пейіліне шаттанып.

Бақыт үшін осы сәт нағыз бақыт еді.

Жалғыз алма

Василий Сухомлинский

Күздің ашық бір күнінде апалы-сіңлілі Оля мен Нина бақта қыдырып жүрді. Алма ағашының барлық жапырақтары жерге түсіп, аяқ астында судырап жатыр. Алма бұтақтарында бірен-саран ғана сарғайған жапырақтар көрінеді.

Қыздар үлкен бір алма ағашының қасына келді. Олар сары жапырақтар арасында тұрған қызыл алманы көрді.

Оля мен Нина қуанғандарынан айқайлап жіберді.

– Қалай ғана қалып қойды екен? – деді Оля таңданып.

– Қазір біз оны жұлып аламыз, – деді Нина.

Қыздар алманы жұлып алды. Әрқайсысы оны қолына ұстап қарағысы келді.

Оля алманы өзі алғысы келді, бірақ оны айтуға сіңілісінен ұялды.

– Нина, алманы сен ала ғой, – деді Оля.

Нина да алманы өзі алғысы келді, бірақ оны айтуға апасынан ұялды.

– Оля, алманы сен ала ғой, – деді Нина.

Алма қолдан қолға өтті. Қыздар келісімге келмей-ақ қойды.

Ақыры олар шешесіне жүгіріп келді. Алманы соған ұсынды.

Шешесі алманы қақ бөліп, әрқайсысына жарты алмадан берді.

Өзім жүрем

Құлланбай Көпішев

Дәурен әкесімен колхоз базарына барды. Әкесі сәбіз, жуа, сарымсақ, картоп сатып алды.

– Әке, мен алып жүрейін дорбаны, – деді Дәурен.

Әкесі:

– Көтере алмайсың, – деп еді, Дәурен көнбеді. Ол жылап та алды. Әкесі дорбаны оның қолына бере қойды.

– Ой, ой ..., әке, көтере алмаймын. Өзің алып жүрші, – деді Дәурен. Енді дорбаны әкесі алып жүріп келеді. Дәурен әбден шаршады. Дәуреннің шаршағанын сезген әкесі:

– Дәуренжан, шаршасаң, арқама міне ғой, – деді.

– Жоқ, әке, өзім жүремін. Жүгің ауыр ғой, – деді Дәурен.

Жақсы мен жаман

Дихан Әбілов

Адам жерге гүл әкеп отырғызды. Құнарлы жерге отырғызылған ол күннен-күнге тамыр жайып, гүлдеп өсе берді. Гүл бәрін де сүйетін: мөп-мөлдір суды да, тап-таза ауаны да, күннің нұрын да. Айналаға еркелей, құмарлана қарайтын. Ол осынау тіршілік иесі болғанына, өзін әкеп отырғызған адамға да өте риза еді. Бір күні:

– Әй, сен көп асқақтама! Әлі өмірге келгеніңе өкінетін боласың, – деген дауысқа жалт қараса, төменде ұсқынсыз шөп басын қылтитып тұр екен.

Гүлдің көңілі ортайып, бір түрлі жабырқап қалды. Ештеңе демеді. Көздері жасаурап кетті. Бірте-бірте солып, сарғайып бара жатты. Амалсыз жанындағы өзінен біршама үлкендігі бар гүлге басын сүйеді.

– Жабырқама, сабыр ет, – деп жұбатты ол. – Адамдар оны «арам шөп» деп атайды. Ол өзін ғана ойлайды. Одан әлі-ақ құтыламыз.

«Жақсы сөз – жанды жадыратады» деген ғой. Оның көңілі көтеріліп қалды.

Әлгі гүлдің айтқаны рас болып шықты. Ертесіне бір еңбекқор бала келіп, арам шөпті жұлып тастады.

Гүл қайтадан құлпырып өсе бастады.

Бәрінен де жақсы

Лев Толстой

Бір кішкене қыз көшеде, топты адамның арасында шешесінен адасып қалыпты. Ол шешесін іздеп, бақырып жылапты. Оны көрген адамдар жұбатып:

– Сен жылама! Біз сені қазір шешеңе алып барамыз. Сенің шешең қандай еді? – деп сұрапты.

Сонда қыз жылап тұрып:

– Сіз білмеуші ме едіңіз? Менің шешем – ең жақсы адам. Ол бәрінен де жақсы, – депті.

Сиқырлы сөз

Валентина Осеева

Бойы тапалдау, ұзын аппақ сақалды қария орындықта отырып, қолындағы қолшатырдың ұшымен құмға бірдеңелерді сызып отырды.

Оның қасына Павлик атты бала келді де: – «Ары отырыңыз», – деп орындықтың шетіне отырды.

Қария қозғалып орын берді де, қызарақтап, ашулы отырған балаға қарап:

– Бірдеңе болып қалды ма? – деп сұрады.

– Болса болған шығар! Сіздің не жұмысыңыз бар? – деп Павлик оған жақтырмай қарады.

– Әрине, менің жұмысым жоқ. Бірақ сен қазір айғайлап, жылап, біреумен ұрсыстың ғой?

– Иә, дәл солай! Мен үйден мүлдем кетемін – деп бала ашулы бұрқылдады.

– Кетесің бе?

– Мүлдем қашып кетемін. Лена ғой, мен оған көрсетемін! Неше түрлі бояуы бар. Біреуін де бермей қойды.

– Соған бола үйден кетпекшісің бе?

– Оған ғана емес. Әжем де бір сәбізге бола мені ас үйден қуып шықты.

– Бұның бәрі түк емес. Біреу ұрсады, екіншісі жаны ашиды, – деді оған қария.

– Маған ешкімнің жаны ашымайды. Ағам қайықпен серуендеуге шығады, бірақ мені өзімен бірге алмайды. Ал мен оған былай деймін: «Бәрібір мен өзіңмен бірге барамын, сенен айрылмаймын» – деп айғайлап, Павлик орындықты жұдырығымен бір соқты.

– Неге сені ағаң өзімен бірге алғысы келмейді? – деп сұрады қария.

– Неге бәрін менен сұрап отырсыз?

– Мен саған көмектескім келіп отыр. Бір сиқырлы сөз бар...

– Павликтің аузы ашылып, оған аңтарыла қарады.

– Мен ол сөзді саған айтайын. Бірақ есінде болсын: ол сөзді ақырын, адамның көзіне тура қарап айтуың керек.

– Ол қандай сөз?

Қария балаға жақындап, құлағына аузын тақады. Оның ұзын, жұмсақ сақалы баланың маңдайына тиді. Ол сөзді сыбырлап айтты да және:

– Бұл сиқырлы сөз. Менің айтқанымды ұмытпа! – деп қосты.

– Мен бұны айтып көрейін. Мен қазір-ақ істеп көрейін, – деп үйіне қарай жүгіре жөнелді.

Лена бұл кезде үстел үстінде сурет салып отыр еді. Қызыл, көк, жасыл бояулар алдында жатты. Ол Павликті көре салды да, бояуларын жинап, алақанымен баса қойды. Ал, Павлик болса «Шал мені алдады! Осындай қыз сиқырлы сөзді түсіне ме?» деп ойлады.

Павлик әпкесіне жақындап, қолынан ұстады. Әпкесі оған қарап қалды. Сол кезде әпкесінің көзіне тура қарап, былай деді:

– Лена, маған бір бояуыңды бере тұршы, өтінемін!...

Ленаның көзі бақырайып кетті. Ол қолын үстелден алып:

– Саған қайсысы керек? – деді.

– Маған көгі керек, – деп бояуды қолына алып, бөлмеде біраз жүрді де, қайтадан әпкесіне қайтарып берді. Оған бояу қажет емес еді. Ол енді тек сиқырлы сөз туралы ойлады.

«Әжеме барайын, ол мені қайтадан қуып шыға ма екен?». Павлик ас үйдің есігін ашты. Әжесі ыстық бәліш пісіріп жатыр еді. Немересі оған жақындап, екі қолымен оның әжімді, ыстық шалған жүзін өзіне қаратып, көзіне тура қарап, сыбырлап:

– Маған бәліштен бөліп берші... өтінемін, – деді.

Әжесі бойын жазды. Сиқырлы сөз оның жанына жағып, әжімді жүзі нұрланып сала берді.

– Ыстық-ыстық бәліш жегің келді ме, көгершінім менің! – деп ең үлкенін, жақсы піскенін таңдап алып берді.

Павлик қуаныштан секіріп-секіріп, әжесінің маңдайынан сүйіп-сүйіп алды. «Сиқыршы! Сиқыршы!» – деп қайта-қайта өз-өзінен сыбырлап, қарияны есіне алды.

Түскі ас кезінде Павлик ағасының әр сөзін тыныш отырып, мұқият тыңдады. Ол қайық жайлы сөз қозғағанда, Павлик оның иығына қолын салып, ақырын:

– Мені де өзіңмен бірге ала кетші, – деді. Үстел басында отырғандардың бәрі үндемей қалды. Ағасы қасын көтерді де, оған мысқылдай күлді.

– Оны да алсаңшы, нең кетеді, – деді ағасына әпкесі.

– Иә! оны неге бірге алмасқа, әрине ал! – деді әжесі.

– Өтінемін, – деп қайталады Павлик. Ағасы қарқылдап күлді де, Павликтің басынан сипап:

– Ой, саяхатшым менің! Жарайды, жинал! – деді.

«Тағы да көмектесті, тағы да көмектесті!».

Павлик үстелден тұра сала, көшеге ытқып шықты. Бірақ орындықта қария көрінбеді. Орындықтың жанында, құмның бетінде қолшатырдың ұшымен жазылған бейтаныс белгілер ғана қалыпты.

Құмырсақа

Мардан Байділданов

Баяғыда бір құмырсақа өз қандастарына өкпелеп, кетіп қалып, ара, қоңызбен дос болды. Жем іздеп шыққан құмырсақа жол үстінен бір дән тауып алады. Жалғыз өзі әуреленіп түк қозғалта алмады. Енді көмек сұрау үшін достарын іздеді. Гүлдің нәрін жинап жүрген араға жолығып:

– Досым, маған көмектесіп жібер, жалғыз өзімнің әлім келмей жатыр! – деп өтінді.

– Көрмей тұрсың ба? Мен де жұмыс істеп жүрмін ғой, – деп ара оған қайырылмай қойды. Енді құмырсақа қоңызға келіп одан көмек сұрады.

– Сен үшін еңбегімді еш қыла алмаймын – деп, қоңыз «досы» қиын домалатып кете берді. Екі досынан күдер үзген

құмырсақа мұңайып келе жатып, өзінің илеулес достарымен ұшырасты. Олар мұның жабырқаңқы түрін көріп:

– Не іздеп жүрсің? – деді. Құмырсақа өз басынан кешкенін айтты. Достары көмектесіп, дәнді бірігіп сүйрелеп алып жүрді. Ақыр соңында адасқан құмырсақа қайта өз үйіріне қосылды.

Балдырған нағыз жолдас

Д. Қасенов

Соңғы сабақ болатын. Еркежан қолын көтерді.

– Иә, не дейсің, – деді мұғалім.

– Әділет ауырып отыр.

– Шынында өңің бұзылып кетіпті. Үйіңе қайта ғой, – деді мұғалім.

Әділет орнынан сылбыр көтеріліп, сыртқа беттеді. Қозғалысы ауыр, жүрісі баяу, әрең жүріп барады.

– Әділетті үйіне кім жеткізіп салады? – деді ағай оқушыларына барлай көз жүгіртіп. Балаларда үн жоқ.

– Әлішер, сен қалай қарайсың?

– Мен атамның үйіне баратын едім, ол кісінің үйі қаланың шетінде.

– Рұқсат етсеңіз, мен апарайын, – деді Телжан орнынан ұшып тұрып.

– Сенің үйің қаланың басқа шетінде емес пе, қайтарда қорықпайсың ба? – деді қасындағы қыз оған.

– Сонда қалай, үйіміз қаланың шетінде деп жолдасымызды жолда қалдырамыз ба?! – деді Телжан жұлып алғандай.

– Рұқсат – деді ағай. Телжан жүгіре жөнелді. Мұғалім оның соңынан сүйсіне қарап қалды.

Төрт тілек

Константин Ушинский

Қыс еді. Митя шанасын алып, мұз қатқан төбешіктен сырғанауға кірісті. Біраздан соң беті шырайланып, ойын қызығына түсті. Кеш бата үйіне келгенде әкесіне шаттана: «Қыс қандай керемет! Менің қалауым болса, қыс жалғаса берсін дер едім!» – деп көңілін білдіреді. Әкесі Митя айтқан сөздерді кітапшасына жазып алады.

Көктем де келді. Митя күннің жылынғанына қуанып, көбелектерді қуып, гүл теріп, қуанышы қойнына сыймай үйге тартады. Әкесіне көңілін жасырмай: «Неткен тамаша мезгіл! Мен үнемі көктем мерзімі болуын қалаймын» – дейді. Әкесі Митяның бұл тілегін де қағаз бетіне түсіреді.

Жаз да шығады. Митя әкесімен бірге шөп шабуға барады. Күн ұзаққа ол хош иісті шөптің арасында аунап-қунап, саңырауқұлақ пен жидек теріп әбден шаршайды. Сонда да көңілін білдіре отыра әкесіне: «Жаз да бітпесе ғой», – деп тілегін айтады. Баланың бұл сөзін де әкесі жазып алады.

Күз де түседі. Бақшада алқызыл алмалар, сап-сары алмұрттар, хош иісті жемістердің түр-түрі пісе бастайды. Митя үйге жүгіріп келіп әкесіне: «Күз – жыл мезгілдерінің ішіндегі ең жақсы кезең», – деп тамсанады.

Әкесі күлімсіреп қарап Митяға бұған дейін ол қыс, көктем және жаз туралы айтқан ойлары бар жазбаларды көрсетеді. Бәрінде де бір тілек, бір ой бар еді ...

Ырыс алды – ынтымақ

Қазақ ертегісі

Баяғыда бір ақылды қария болыпты, оның тоғыз ұлы бар екен. Бірақ балалары әкесінің ақылын тыңдамай, әрқайсысы өз бетінше жүріп-тұрады. Олардың бұл қылығын былайғы жұрт күлкі етеді. Үлкені кішісін сабайды, кішісі үлкеніне ақшия

қарайды. Бірлігі жоқ тоғыз баланы әркімдер-ақ ұрып кете берді, содан әкесі балаларының қылығы туралы терең ойға шомады. Айласы таусылған шал таудан бір құшақ тобылғы әкеліп, балаларын түгел шақырып алады. Содан соң:

– Қане, балаларым, күштеріңді сынап көрейін, мына тобылғыны тобымен сындырыңдар, – деді.

Тоғыз ұл кезектесіп күштерін сынайды. Буылған бір құшақ тобылғыны ешқайсысы сындыра алмай, әбден шаршайды.

Қария тобылғының бауын шешіп:

– Енді бір-бірден сындырып көріндер, – дейді.

Балалары тобылғыны сол заматта-ақ шарт-шарт бөліп: «Міне, сындырдық», – деп мақтанысады. Шал балаларын отырғызып қойып, нұсқалы сөзін бастайды.

– Мен сендердің келешектеріңді ойлап қапа боламын. Дұшпандарың көп, ынтымағың жоқ болса, дұшпан сендерді жаңағы жалғыз тал тобылғыдай бырт-бырт сындырады. Ал буылған тобылғыдай бірлікте болсаңдар, сендерді ешкім сындырмақ түгіл, майыстыра да алмайды. Менің айтарым сол, – деді.

Көп ұзамай шал дүниеден өтеді. Балалары ақылға келіп, бірлесіп тіршілік етіп, кем-кетікке көмектесіп, ынтымақты өмір сүреді. «Ырыс алды – ынтымақ» деген сөз содан қалған екен.

Үш ұл

Валентина Осеева

Екі әйел құдықтан су тартып тұр екен, бұлардың қасына тағы бір әйел келіпті. Құдықтың тұсынан өтіп бара жатқан бір қарт кісі де дем алмақ болып, таяп келіп, құдықтың маңындағы тасқа отырыпты.

Әйелдердің біреуі:

– Менің ұлым батыл да күшті. Төбелесе қалса, ешбір бала оған шақ келмейді, – депті.

Екінші әйел:

– Менің ұлым ән салғанда бұлбұлдай сайрайды. Ешбір баланың дауысы оның даусына жетпейді, – депті.

Ең соңынан келген әйел үндемей тұра беріпті.

– Сен неге өз ұлың туралы бірдеңе айтпайсың? – деп сұрапты екі әйел.

– Не айтайын, баламның ешқандай ерекшелігі жоқ, – деп жауап беріпті ол.

Әйелдер шелектерін суға толтырып, үйлеріне қарай беттейді. Әлгі қарт та бұлардың соңынан жүріп отырады.

Жолда әйелдер шаршаған соң, шелектерін жерге қойып, әңгімеге кірісіпті. Қарт бұларды сынай қарап, бақылап тұрыпты. Осы кезде бұлардың алдынан жарыса жүгірген үш бала шыға келеді.

Балалардың біреуі жолдағы тастарды аяғымен зулата ұшырып келе жатады. Мұны көрген шешесі қатты қуанып, көңілі көтеріліпті.

Екіншісі бұлбұлдай сайрап, өлең айтып, өзінен-өзі құтырынып келе жатады. Оның шешесі де баласының мұнысына шаттанып, көңілі өсіпті.

Үшінші бала болса, жүгіріп келіп шешесінің қасына барыпты да:

– Апа, әкел, маған бер! – деп, шешесінің қолындағы су толы шелекті алып, үйіне қарай жүре беріпті.

Әйелдер қартқа бұрылып:

– Қалай, біздің балаларымыз сізге ұнай ма, қария? – деп сұрапты.

– Қайдағы балалар? Мен тек бір-ақ баланы көріп тұрмын, – деп, қарт шешесінің қолынан шелекті алып, өзі көтеріп бара жатқан баланы нұсқапты.

Адал дос

Мәдіхат Төрежанов

Екі дос көше бойымен жайбарақат әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуі Аблан да, екіншісі Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын.

Бір үйдің жанынан өте бергенде дәу қара төбет арсылдап, тура алдарынан шыға келді. Абыз:

– Аблан! қаш, әне, ит келіп қалды, – деп қатты қорқып, айғайлап жіберді.

Аблан жерден бір шыбық алып, итке қарсы ұмтылды. Ашулы ит Абланның шалбарынан бірнеше рет жұлқылап та үлгерді. Үлкендер келіп, Абланды құтқарып алды.

Абыз Абланның жанына келіп:

– Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашып кеткенімізде, шалбарыңды ит жыртып тастамас еді, – деп жатыр.

– Мен қашатын болсам, сен тұтылатын едің. Өйткені сен қатты жүгіре алмайсың ғой. Сені иттен қорғайын деп, әдейі қалып қойдым, – деді Аблан.

«Достар деген осындай болар», – деді олардың сөзін естіген үлкендер сүйсініп.

Бірлік

Ермек Өтетілеуов

Данияр мектептен келсе, үйдің алды омбы қар болып қалыпты. Ол тамағын ішіп, аздап демалды да, аулаға шықты. Қорадан қол шанасын алып, оған талдан тоқыған қорапты таңып, бекітті. Қолына күрек алды. Ауланың қарын тазартуға кірісті. Қорапқа қар толтырып, оны шанамен алысқа апарып текті. Бірақ, қар таусылар емес.

– Данияр! Кел, мен саған көмектесейін, – деді көрші үйдегі досы Нариман. Нариман да қол шанасын сүйреп шығыпты. – Содан кейін бірігіп біздің үйдің алдын тазалайық, жарай ма?

– Жарайды, – деді Данияр қуанып.

Екеуі екі шанамен қарды тез тасып бітірді. Осыдан кейін Нариманның үйінің алдына барды. Бұлардың жанына көмекке Берік пен Серік келді. Төртеуі ойнап-күліп жүріп қызу еңбекке кірісті. Олардың бұл істеріне үлкендер сүйсіне, қызыға қарады.

– Алақай! Екі сағатта бітірдік! – деп айқайлады балалар.

Осылайша, төрт дос күш қосып, төрт үйдің алдын лезде-ақ қардан тазартып шықты. Мұның аты – бірлік еді.

Мейірім

Нұрғали Қадырбаев

Айнұр көпшіл. Үнемі өзі қатарлы қыздар мен ұл балалар арасында ойнап жүреді. Олар да Айнұрдың соңынан бір елі қалмайды.

Енді, мінеки, атасы мен әжесінің ауылымен қош айтысатын мезгіл де жетті. Әкесі – әскери адам. Кезекті демалысы бітті. Жауынгерлік жаттығуларына қайта оралмақ.

Атасы мен әжесі:

– Балам, қайда жүрсең де аман бол! Еліңді, жеріңді сүй, қорға, – деді.

Айнұр қоштасар сәтте ерекше мінез көрсетті.

– Ата, әже, әке, апа, бәріміз бірге тұрайық, – деді.

– Кәнеки, ондай болса. Бірақ, әкеңнің жұмысы бар. Атаң мен әжең ауылда. Мүмкін емес қой, жаным, – деді әжесі бауырмал Айнұрды кеудесіне қысып.

– Онда мен атам мен әжемнің қасында қаламын. Кетпеймін. Кім қарайды оларға? – деді төрт жасар Айнұр көзі жасаурап.

– Ендігі демалыста және келеміз, – деді апасы.

– Жоқ. Мен осы жерде қаламын.

Айнұр әкесі және апасымен қоштасты. Қолын бұлғап қалды.

Әкесі мен апасы Айнұрдың бүгінгі мінезіне қайран қалды. Өйтсе де, қимай қоштасқандары жүздерінен байқалады.

Ал атасы мен әжесінің қуаныштарында шек жоқ. Айнұрдың атасы мен әжесіне кішкентай бүйрегіннің бұрып тұрғанына әбден риза болды.

Түлкі мен тырна

Ертегі

Түлкі мен тырна дос болыпты. Бірде түлкі тырнаны үйіне қонаққа шақырыпты.

– Маған қонаққа кел, қымбаттым! Мен дәмді тамақ пісіріп қоямын.

Тырна түлкінің үйіне қонаққа келеді. Түлкі ботқа пісіріп, жайпақ табаққа салып, тырнаның алдына қояды.

– Тамақ ал! Өзім пісіріп едім.

Тырна жайпақ табақты тұмсығымен шоқып-шоқып ештеңе жей алмайды. Түлкі болса, табақтағы ботқаны тілімен жалап-ақ тауысады.

Бәрін жеп болған түлкі:

– Айып етпе, бұдан өзге берер еш тамағым жоқ, – дейді.

– Осыған да рақмет. Енді сен маған қонаққа кел.

Келесі күні түлкі тырнаға қонаққа келеді. Тырна сорпа дайындап, оны мойны тар құмыраға құйып, дастарқанға қойыпты. Түлкі келгенде:

– Іш, қымбаттым! Қысылма! – дейді.

Түлкі құмыраны ары айналып, бері айналып, сорпаны іше алмайды. Құмыраға тұмсығы кірмей қояды. Ал тырна

ұзын тұмсығымен шоқи береді. Сөйтіп бәрін де ішіп қояды да, түлкіге қарап:

– Ренжіме, қымбаттым. Бұдан өзге берер тамағым жоқ, – дейді.

Бір аптаға тойып қайтқысы келген түлкі ренжіп, үйіне аш қайтыпты ...

Талшыбық

Ахат Жақсыбаев

Балалар терезе алдында ағаш отырғызып жатқан. Ермек солардың кетуін күтіп, әлі аңдып отыр. Жас шыбықтарға қызыға қарайды. Жіп-жіңішке. Бұтақтары да көп емес.

Балалар жұмыстарын бітіріп, кете бере, ол жүгіріп далаға шықты. Жан-жағына қарады. Ешкім көрінбейді.

Бір шыбықты тартып көріп еді, қозғалар емес. Едәуір бекіп қалыпты. Ол қос қолдап бар күшімен тартып қалды. Шыбық тамырымен қоса жұлынды. Ермек оны ат қып мініп алды да, көшемен жүгіре жөнелді.

Бір кезде оны көрші тұратын қария айқайлап шақырды.

– Қалқам! маған аздап көмектесіп жіберші! – деді ол шыбығын сүйретіп жанына келген Ермекке.

Атай үйінің қасына ағаш отырғызып жүр екен. Әлі тігілмеген бірнеше жас шыбық жатыр. Атай оларды қурамасын деп, суға малып қойыпты.

– Мен шыбықты ұстап тұрайын, сен күрекпен түбін көм – деді атай Ермекке.

Екеулеп жүріп, олар барлық шыбықты қадап болғанда:

– Рақмет көмегіңе! – деп, қария баланың арқасынан қақты. – Енді бірер жылдан кейін бұл шыбықтар зәулім бәйтерек болады. Сонда екеуміз көлеңкеде отырып дем аламыз. Солай емес пе, Ермек?

Ермек төмен қарады. Көзі өзінің шыбығына түсіп кетті. Күннің көзінде жатып солайын деп қалыпты.

– Ата, – деді Ермек бір кезде. – Өне, бір шыбық қалып қойыпты ғой.

– Ә, иә, иә, ұмытып кетіппіз ғой, – деді атай да қулана, ойланған болып. – Бар, алып келе ғой. Біз оны сенің үйіңнің алдына отырғызайық.

Енді ол күнде жас шыбыққа су құйып, күтіп жүретін болды.

Нағыз адам

Василий Сухомлинский

Сусыз далада құдық бар. Оның қасында бір үй тұр. Онда атасы мен немересі тұрады.

Құдық басында ұзын арқанға байланған қауға бар. Жолаушылар құдық басына тоқтап, салқын суға қанады, тынығады, суға қанған жолаушылар атайға алғыс айтады.

Бір күні арқан тозып үзілді де, қауға құдыққа түсіп кетті. Атайдың арқаны жоқ еді. Енді құдықтан су тартып ішетін ештеңе қалмады. Немересі мен атай шөлден әбден қалжырады.

Үшінші күні таңертең атайдың үйінің қасына арбалы жолаушы келіп тоқтады. Атай арбада сабан астында жатқан шелекті көрді.

Жолаушы әуелі құдыққа, содан соң немерелі атайға қарады да, атын қамшылап жүріп кетті.

– Бұл қандай адам? – деп сұрады немересі.

– Бұл адам емес, – деп жауап береді атасы.

Түске таман тағы бір жолаушы келіп тоқтады. Арбадан шелегін алды, оған арқан байлап, су тартты. Жолаушы баласын суға қандырды. Қалған суды құмға төкті де, шелегі мен арқанын алып жүріп кетті.

– Бұл қандай адам? – деп сұрады немересі.

– Бұл адам емес, – деп жауап береді атасы.

Кешке үшінші жолаушы келіп тоқтады. Ол арбасынан шелек пен арқан алды. Арқанды шелекке байлап, су тартты. Суға қанып алды да, шелегі мен арқанын құдық басына қалдырды.

– Бұл қандай адам? – деп сұрады немересі.

– Бұл нағыз адам, – деп жауап береді атасы.

Қайтпай қалған қарлығаш

Т. Тойбазарұлы

Асан ерте тұрып, терезенің пердесін ысырды да, сыртқа көз жіберді. Айнала аппақ қар. Күн нұрына шағылысады.

Күрек алайын деп қораға кірді. Есік маңдайшасында бүрісіп отырған қарлығашқа көзі түсті. Жаңылыс көрдім бе деп, көзін уқалап, қайта қарады. Өзі асыраған қарлығаш. Атасы кигізген сақинадан таныды. Бұл жайды атасына айтуға асықты. Үйге жүгіріп келді де:

– Ата, біздің қарлығаш жылы жаққа қайтпай қалыпты. Қорада отыр. Қатты тоңыпты, – деді.

Қанатынан жараланған қарлығаш ұшуға дәрменсіз болған соң, қалып қойыпты.

Оны үйде күтіп асырауға тура келді. Қарлығаш оңай үйрене алмаған соң, атасы темір тор жасап, алдына нан үгіндісі мен тары, су қойды. Бірте-бірте қолға үйреніп, жасқанбайтын болды. Сөйтіп, Асан өзінің кішкене досын қыстан аман алып шықты.

Көктем шығып, құстар келе бастаған мезгілде, Асан атасы екеуі қарлығашты ұшырып жіберген.

Қарлығаш жер бауырлай ұшып, үйді екі айналды да, биікке самғай көтерілді. Асан қарлығаш ұзап кеткенше қарап тұрды.

Арада екі күн өткен соң, қарлығаш қайта оралып, қораға ұя салды. Өзіне серік тауып, жаздай сонда мекендеп жүрді. Асан ылғи бақылап отырды. Күз келіп құстар қайта бастағанда, бұл қарлығаш та көрінбей кеткен. Сірә, серіктерін шығарып салған көрінеді. Енді міне, өз ұясына оралыпты.

Әдептілік әліппесі

Әбдірахман Асылбеков

Атам маған әманда,
Әдепті жан бол деген.
Ата сөзі санамда –
Жасы үлкенге жол берем.

Алдын орап кісінің,
Кесіп өтпей көлденең.
Ізетімен кішінің –
Сәлемдесіп, қол берем.

Атам маған әманда
Кішіпейіл бол деген.
Ата сөзі санамда –
Мақтанбауды жөн көрем.

Өзгелерден өзімді,
Санамаймын жоғары.
Артық айтып сөзімді,
Желпінгенім жоқ әлі.

Атам маған әманда,
Әділетті бол деген.
Ата сөзі санамда –
Жүрем тура жолменен.

Қалдыратын ұятқа –
 Жалған сөзге төзбеймін.
 Жеткізеді мұратқа –
 Тек шындықты көздеймін.

Автобуста

Әбді Шынбатыров

Автобус тоқтайтын аялдамаға келдік.

Көп ұзамай көк автобус келіп тоқтай қалды. Екі есігі бірден ашылды. Адам да көп. Бірі мінсе, бірі түсіп жатты. Алдыңғы есіктен апам екеуіміз ішке кірдік.

– Мұнда отырыңыз, – деп, менен үлкендеу екі бала анама орын ұсынды.

– Рақмет, балалар, – деді анам отырып жатып.

– Апа, рақметті не үшін айттыңыз?

– Кішіпейілділігі үшін. Сен де солардай бол! Үлкенді сыйла. Сонда үлкендер саған рақмет айтатын болады.

Сәлден кейін базарға жеттік.

Қарт және алма бағы

Лев Толстой

Қарт алма бағын отырғызыпты. Адамдар оған: «Бұл алма ағаштары саған не үшін керек? Бұл ағаш жеміс беремін дегенше ұзақ уақыт өтеді. Сен сол алмаларды жей алмайсың ғой», – дейді. Қарт оларға: «Мен жемесем де, басқалар жер, сосын маған рақмет айтар», – деп жауап қайырыпты.

МАЗМҰНЫ

Шартты белгілер.....	4
I тарау. ҒАСЫРЛАР ДАНАЛЫҒЫ	5
<i>1-2 сабақтар. Ұлы Абайдың даналығы</i>	<i>6</i>
<i>3-4 сабақтар. Х.К.Андерсеннің дана ертегілері.....</i>	<i>11</i>
<i>5-6 сабақтар. Білім – өмір шырағы.....</i>	<i>18</i>
<i>7-8 сабақтар. Мектеп – біздің ортақ үйіміз.....</i>	<i>24</i>
II тарау. ЫНТЫМАҚТЫ ОТБАСЫ	31
<i>9-10 сабақтар. Өзіңді жақсылықпен таразыла</i>	<i>32</i>
<i>11-12 сабақтар. Адам жақсы ісімен көрікті</i>	<i>39</i>
<i>13-14 сабақтар. Адал және ақкөңіл болу</i>	<i>43</i>
<i>15-16 сабақтар. Салауатты отбасы.....</i>	<i>49</i>
III тарау. АДАМ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ.....	55
<i>17-18 сабақтар. Өзіңді және басқаларды құрметтеуді үйренеміз ...</i>	<i>56</i>
<i>19-20 сабақтар. Кешіре білуді үйренеміз.....</i>	<i>62</i>
<i>21-22 сабақтар. Дос болуды үйренеміз</i>	<i>69</i>
<i>23-24 сабақтар. Жақсы көруді үйренеміз.....</i>	<i>74</i>
IV тарау. ӘСЕМДІК ӘЛЕМІНДЕ	83
<i>25-26 сабақтар. Біз өсіп жатқан өлке</i>	<i>84</i>
<i>27-28 сабақтар. Туған өлкенің табиғатын сақтауды үйренеміз</i>	<i>90</i>
<i>29-30 сабақтар. Біз өмір сүріп жатқан ел.....</i>	<i>99</i>
<i>31-32 сабақтар. Әсемдік әлемінде</i>	<i>106</i>
<i>33-34 сабақтар. Балалық шақ мейрамы</i>	<i>112</i>
Ата-аналармен бірге оқуға қосымша материалдар	119



Оқу басылымы

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ

**Мұқажанова Рысты Әбдразаққызы
Омарова Гүлжан Амангелдіқызы
Әкімбаева Жазира Жайлаубеққызы
Ізгүттынова Рабиға Отарбайқызы
Көшкеева Гүлнар Өксікбайқызы
Оңалбаева Назигүл Мауытқазықызы
Ахатаева Бейбіткүл Сағатқызы**

Жалпы білім беретін мектептің
2-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *К. Керімбаева*
Суретшісі: *Т. Жубанышева*
Компьютерде беттеген: *Р. Ставер*

Басуға 12.07.17 қол қойылды. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Arial». Пішімі 70×100^{1/16}. Баспа табағы 9,0. Шартты баспа табағы
11,6. Таралымы 100 дана. Тапсырыс 2268-02.

«Интеллсервис» ЖШС, B64E9X5, Талғар қ., Промышленная к-сі, 5
www.intellservice.kz

